



ТОҚАЕВ  
СУДЬЯЛАРҒА  
ТАҒЫ ДА ҚАТАҢ  
ТАЛАП ҚОЙДЫ

2-бет



«АҚ ЖОЛ»:

ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ЖАҢА  
ТАЛАПТАРЫ ШАҒЫН  
КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ  
МҮДДЕСІН ҚОРҒАМАЙДЫ

11-бет



ПЕРУАШЕВ ЗА  
ПАРЛАМЕНТСКОЕ  
РАССЛЕДОВАНИЕ  
КАТАСТРОФ

14-бет

# ҚАЗАҚ ҮНІ 20

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

||

qazaquni2000@gmail.com

||

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

||

№3-4 (873-874), 27 қаңтар, 2020 жыл



## АБАЙ ЖӘНЕ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

...Мен бұл мақалада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөлісім келеді.

8-9  
бет

# СОҢҒЫ СӨЗДІ СОТ АЙТАДЫ - ӘДІЛ ШЕШПЕСЕ ХАЛЫҚ АЙТАДЫ!

**ТРИЛЛИОН ҮНЕМДЕГЕН  
ҚАЙРАТКЕРДІ МИЛЛИОНДАРДЫ  
ЖЕП КЕТКЕН АЙЛАКЕРГЕ  
ЖЫҒЫП БЕРМЕК ПЕ?!.**

Триллион үнемдеймін деп түрмеге түскен Ислам Әбішев пен Серік Түкеевтің атышулы сотында өткен аптаның бейсенбісінде, 16 қаңтарда прокурор Саламат Сүлейменов айыптауын оқыды. Адвокаттардың тергеу ісінің заңсыздығын, жалған да, жасанды дәлелдердің бәрінің күлін көкке ұшырған қарсы дәлелдерінің біріне де қарсы жауап бере алмай, тек жазып келгенін (жазып бергенін бәлкім) бас көтермей сыдыртып оқып шықты. Ислам Әбішевке 11 жыл, Серік Түкеевке 8 жыл бас бостандығынан айыруды сұрады...



4  
бет

# ПАРЛАМЕНТАРИЗМ - ДЕМОКРАТИЯНЫҢ БАСТЫ БЕЛГІСІ



Халықаралық қауымдастықтың пайымдауынша демократиясы дамыған, парламенттік бағыттағы мемлекет дегеніміз - көпшілікке ортақ, әрбір адамның мүддесі ескерілетін қоғам болу керек. Демократия ата-бабаларымыздан мұра болып жеткен бар байлықты қолында билігі барлар мүшелеп бөліп ала қоятын біздегі жекешелендіру сияқты меншіктеуге жатпайтын ұғым. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, демократия қоғамның барлық топтарының қатысуымен құрылатын жүйе. Яғни көпшіліктің ортақ таңдауын, бұлжымас мақсатын білдіруге және оны қорғауға тиісті.

3  
бет

# КАЗАХСКАЯ ЖАННА Д'АРК: КАК САПАРА МАТЕНКЫЗЫ ПОБЕДИЛА ЕКАТЕРИНУ II

Иногда полезно полистать страницы истории, чтобы освежить в памяти узловые моменты, которые не получили соответствующего освещения в советское время. Например, у нас мало знают о казахской Жанне д'Арк, феномен которой хорошо знали в царское время петербургские политики и историки, но плохо знают современные казахстанцы, - о Сапаре Матенкызы.

12  
бет



## АЛТЫН АДАМ ҚҰПИЯСЫН АЛҒАШ АШҚАН ҒАЛЫМ

Есік қорғанынан табылған Алтын адам жазуларын отыз жылға жуық уақыт зерттеп, құпиясын физика-математикалық әдіспен ашқан әлемдегі тұңғыш физик Мағрипа Жылқыбаеваның дүниеден озғанына бір жыл өтті.

15  
бет

# ТОҚАЕВ СУДЬЯЛАРҒА ТАҒЫ ДА ҚАТАҢ ТАЛАП ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Талғат Донақовты қабылдады.

Кездесу барысында Талғат Донақов Қазақстан Республикасы Президентіне Жоғары Сот Кеңесінің 2019 жылғы жұмыстарының қорытындылары жайында баяндады. Мемлекет басшысына еліміздегі сот корпусының ахуалы, судьяларды іріктеу ісін қатаңдату және соттардың кадрлық резервін қалыптастыру бағытында қабылданған шаралар туралы мәлімет берілді.

Бұл Қ.Тоқаевтың құқық саласы басшыларын бірінші қабылдауы емес. Бұған дейін



Жоғары сот төрағасы Жақып Асановты да қабылдап, сот саласының қызметін реттеу керектігін ескерткен болатын. Соған қарағанда, бұл сала

жұмысына терең реформа керек сияқты. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Талғат Донақовқа бірқатар нақты тапсырмалар берді.

## ӨЗБЕКСТАН ӨЗ МҮДДЕСІН ҰМЫТПАЙДЫ

Өзбекстан Президенті Еуразиялық экономикалық одаққа кіру мәселесіне қатысты пікір білдірді. Шавкат Мирзиёев өз елінің аталмыш ұйымға мүлдем мүше болмайтынын кесіп айтты.

«Көптеген отандастырымыз шет елдерде, соның ішінде Қазақстан мен Ресейде жұмыс істеп жатыр. Біз бұған бей-жай қарай алмаймыз. Бір нәрсені біліңіздер, Өзбекстан ешкімге өз тәуелсіздігін беріп қоймайды. Оған жол жоқ! Тәуелсіздік өзбек



халқы тандаған Президенттің қолында. Біз бұл одақтың мүшесі болмаймыз», – деді өзбек бас-

шысы. Дегенмен, Мирзиёев Еуразиялық экономикалық одақпен байланыс орнату мүмкіндігін жоққа шығармады. Бірақ мүше емес, бақылаушы ретінде. Сонымен қатар, Шавкат Мирзиёев аталмыш одақпен қарым-қатынас кезінде Өзбекстанның ұлттық мүддесі бірінші орында тұратынын ашық айтты. Яғни, ұйымға пайдамыз мен зиянын қарап отырамыз дейді. Бұған дейін Өзбекстанның одаққа мүшелікке өтуі туралы түрлі пікір айтылса, ендігі бағыты белгілі болды.

## ТАЯҚТЫҢ ЕКІ ҰШЫ БАР

Ауыл шаруашылығы министрлігі малды тірідей экспортқа шығаруға тыйым салғаны белгілі. Өйткені, малдың тірідей шетел асуы елімізде ет өнімдерінің қымбаттауына себеп болған. Шаруалар бұл шешімге қарсы.

–Тыйымның салынуы ет және ет өнімдері бағасының қымбаттап кеткеніне, отандық ет кеткеніне, отандық ет бордақылау аялдарының жүктемесінің төмендеп кетуіне негізделіп жасалып отыр. Мәселен, былтыр ет өңдеу кәсіпорындары өз қуатын толық пайдалана алмады, – дейді ҚР АШМ департамент директоры Еркебұлан Ахметов. Оған шикізат тапшылығы себеп. Етті, ірі қара малдың жақсысын шетел асырып, сапасы төменін өзімізде қалдырып әлеуметке қиянат жасап отырмыз деген пікірлер де айтылуда. Былтыр Қазақстаннан шетелге 156 мың бас ірі қара мал шығарылған. Басым көпшілігі – 121 мың 600 бастайы Өзбекстанға, 14 пайызы Арменияға

экспортталыпты. Шаруалар болса, бұл тыйым алыпсатарларға жол ашады деп күйінуде. Өйткені, делдалар сойылған малды арзан алып, кейін саудагерлерге екі есе қосып сатады дейді. Қысқасы, «олай тартсаң өгіз өледі, бұлай тартсаң арба сынадының» кері болып тұр. Екі ұшы бар таяқ қалай сілтесек те өзімізге тиеді екен.

Малшылар Ауыл шаруашылығы министрлігіне шағым әзірлеп жібермекші. Алайда министрлік жарты жылға салынатын тыйым бойынша шешім шығарылып, жақын арада Егер нарық мораторийдің тиімді екенін дәлелдесе, бұл құжаттың әрі қарай созылуы мүмкін.



Бір әкім кетеді, екіншісі келеді. Тұрақты орын алып жатқан бұл сапырылыққа біздің елдің еті үйреніп алғаны соншалық, бір күнде он әкім омақасып жатса да ешкім елең етпейтін болды.

## АТЫҢ ШЫҚПАСА – ӘКІМ БОЛ

Үкіметтің үкілеп әкеліп отырғаны әкімі екі-үш жылға жетпей жемқорлыққа салынып түрмеге қамалатыны да таңғалдырмайды тұрғындарды. Ол үшін бұқараға өкпе артудың қажеті жоқ, кейбір деректерге қарағанда күніне орта есеппен сегіз лауазымды тұтқындалып жатса қашанғы таңдай қағып, таңғала берсін...

Өткенде ғана Алматы облысының әкімі орынбасары Бағдат Мәншірұлының маңындағы шатақтың шаңы жерге қонып үлгермей, енді міне еліміздегі аса ірі өндірістік Павлодар облысының әкімі Болат Бақауовтың да басына бұлт үйірілді. Қызметін асыра пайдаланды деген күдікпен қамауға алынды. Осы облыстағы Баянауыл ауданы әкімі де орнын босатты. Оған қоса айналасы 2-3 күннің ішінде Алматы қаласы Алатау ауданы әкімі Ш.Рыспаев та орынбасарымен бірге қамалды. Шымкент қаласының да әкімі осы аралықта тағынан түсті. Шүкір, оған әзірге қылмыстық күдік тағылмаған. Бір жұмадай басынсыз қалған Кереку аймағына пре-

мьер-министр Асқар Мәминнің өзі арнайы келіп, 46 жастағы Әбілқайыр Сқақовты отырғызып кетті. Үшінші мегаполисті жарты жыл ғана басқарған Ерлан Айтахановтың орнына, оның орынбасары Мұрат Әйтенов тағайындалды.

Көпті көрген, білімі мен тәжірибесі мол Қонысбай деген қариямыздың (түп-тегің түгендемей-ақ қоялық) осыған байланысты: «Біздің Үкімет адам танудан қалған ба? Бір жемқордың орнына екіншісін әкеліп конжита салады. Кадр тани білмесе таңдауды халықтың өзіне бермей ме?» – деп қынжылғанын көргенбіз. Көнекөз қария кателескен жоқ, әкімдерді халықтың өзі сайламай мына жемқорлықтың түбіне жете алмайтын сияқтымыз. Қазақ атамыз баяғыда «Атың шықпаса, жер өрте», – деген екен. Бүгінгі күні ел сенім артқан әкімдеріміздің мына қылығы мен былғығына қарап, «Атың шықпаса – әкім бол!» демеске амалымыз жоқ.

## БЕНЗИН БАҒАСЫ ҚЫМБАТТАДЫ

Елімізде бензин тағы қымбаттап, жүргізушілер жиі тұтынатын АИ-92-нің бір литрі 152-153 теңгеден сатылуда. Ол осыған дейін жанар-жағармай бекеттерінде 144-145 теңгеден саудаланып келген болатын.



Ұлттық экономика министрлігіндегілердің айтуынша, бұған акциз құнының көтерілгені себеп. «2020 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап бензинді көтерме саудада сатуға акциз мөлшерлемесі көбейтілді. Яғни, 1 литр бензинге акциз мөлшері 10 теңгеге өсті. Бұрын 8 теңге болса, енді 18 теңге шамалы. Бірақ бұл 10 теңгеге акциздің көбеюі, бензин бағасының 10 теңгеге көбейеді дегенді білдірмейді. Бензиннің бағасы нарықта айқындалады. Яғни, ол ұсыныс

пен сұранысқа, бәсекелестікке байланысты» – дейді Ұлттық экономика министрлігі Салық саясаты басқармасының басшысы Нұрлыбек Шаймаханов.

Дегенмен, жанармай соңғы аптада бірден 7-8 теңгеге қымбаттады. Мәселен, Алматыда АИ-92 қазір 153 теңгеге дейін саудаланып жатыр. Бұдан кейін министрлік он жерден ант-су ішсе де барлық тауарлар да қымбаттайтыны белгілі.

## «ПҰЛ БОЛМАСА, КҮЛ БОЛСЫН»

Армения мен қырғызстандық көліктерді кедендік рәсімдеуде жеңілдік болмайды, көлікті елден шығара алмасаң, утилизациялауға өткіз! Ішкі істер министрлігі шу көтерген көлік иелеріне осындай кеңес берді.

«Біз өзіміздің базадан шетелдік нөмірі бар көліктерді көре алмағандықтан, олар жиі жол ережесін бұзып, қарапайым тұрғындарға қауіп төндіреді. Мәселен, өткен жылы осындай көліктерді тізгіндеген азаматтар 1800 көлік апатына себеп болды. Соның салдарынан 132 адам қайтыс болып, 528 адам жарақат алды», – деп түсіндірді бұл жағдайдың себебін ҚР Ішкі Істер министрінің орынбасары Марат Қожаев. ҰҚК Шекара қызметінің мәліметінше, соңғы үш жылда ЕАЭО елдерінен 200 мыңға тарта көлік Қазақстанға кіргізілген. Бірақ оның 40 мыңы

ғана заңды түрде тіркеліпті. Өйткені, оны рәсімдеу көліктің өз құнынан асып түседі екен. Вице-министр шетелдік көліктердің қылмыс құралына да айналып бара жатқанын жеткізді. Мәселен, өткен жылы осындай 400 қылмыс тіркелген. Оның 335-і көлікті ұрлауға қатысты болса, 60 қылмыс кісі өлтіруден ұрлыққа дейінгі дәрежеде жасалған. Полиция Арменияға көлік алуға барып алданған азаматтардан арыз түсіп жатқанын мәлімдеді. Жағдайдың айтуынша, Армения үкіметі Еуразиялық экономикалық одақ талаптарын өрескел бұзып, өз міндеттемелерін орындамаған. Сонда біздің кедендегілер сол заңбұзушылықты көздері көрмеген бе? «Жұмсаған қаржыларын пұл болмаса күл болсын» дегенге салған үкімет көлік иелеріне ешқандай жеңілдік болмайтынын ашық айтты.

## АБАЙ ЕСІМІ ҚАШАН ДА ҚАДІРЛІ

Елімізде 18 мыңнан астам қазақстандыққа Абай есімі берілген. Дәлірек айтсақ, 18 232 қазақстандықтың есімі ақын, ағартушы және философ, жаңа қазақ әдебиетінің негізін қалаушы Абай құрметіне қойылған екен.

Бұл туралы ҚР Әділет министрлігінің баспасөз қызметінен мәлім етті. ҚР Әділет министрлігі АХАТ басқармасының дерегінше, ұлы ақынның отаны – Шығыс Қазақстан облысында Абай есімді 378 азамат тұрады. Бүгінде ең үлкен Абай 92 жаста болса, ең кішісі Абәрі 2 күн бұрын туған. Кішкентай Абай 2020 жылғы 20 қаңтарда Сарыағаш қаласында дүниеге келді. «Соңғы 10 жыл ішінде (2009-2020 жж.) ата-аналар балаларына Абай есімін 2470 рет таңдаған. Ең көбі Түркістан облысында (415), Алматы (321) және Нұр-Сұлтан (273) қалаларында тұрады», – деп етті министрліктегілер. Абай есімі қазақ үшін қашан да қадірлі екенін осыдан-ақ көруге болады.

**Халықаралық қауымдастықтың пайымдауына демократиясы дамыған, парламенттік бағыттағы мемлекет дегеніміз – көпшілікке ортақ, әрбір адамның мүддесі ескерілетін қоғам болу керек. Демократия ата-бабаларымыздан мұра болып жеткен бар байлықты қолында билігі қоятын біздегі жекешелендіру сияқты меншіктеуге жатпайтын ұғым. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, демократия қоғамның барлық топтарының қатысуымен құрылатын жүйе. Яғни, көпшіліктің жүйе, яғни, бұлжымас мақсатын білдіруге және оны қорғауға тиісті. Бұл қоғамда парламент мемлекетті басқару органы рөлін атқаруға міндетті.**

зиция» деген ұғымның өзі «Нұр Отанның» құлағына түрпідей тиері сөзсіз. Әрине, олардың орнында басқа партия болса да дәп осылай етері күмәнсіз, бәрінің де басты мақсаты билікке ие болу болып табылады.

Қалың оқырмандарымызға түсінікті болу үшін, алдымен өзіміз айтып жүргендей, біздің демократиялық қоғамдағы Парламентке қысқаша тоқтала кетейік. Қазіргі Қазақстан Республикасы Парламенті Сенат пен Мәжілістен тұрады. Сенат депутаттарының өкілеттілігі — 6 жыл, Мәжіліс депутаттарының өкілеттілігі — 5 жыл. Сенатқа әр облыстан, республикалық маңызы бар қала мен Қазақстан Республикасы астанасынан екі өкілден, барлығы 48 депутат сайланады. Сенатқа 15 депутатты Президенттің тікелей өзі тағайындайды. Мәжіліс — 107

7. Мемлекеттік органдардан өз міндеттерін тиісті түрде орындауға қажетті кез келген ақпарат алуға;

8. Қызметтік міндеттерін орындаумен байланысқан мәселелер бойынша барлық лауазымды тұлғаларға және барлық нысандарға еркін кіруге;

9. Парламенттің біріккен, Мәжілістің пленарлық, тұрақты комитеттердің, жұмыс топтарының отырыстарында, парламенттік тыңдауларда және өзге іс-шараларда депутаттық фракцияның талабы бойынша оның өкіліне кепілді сөз сөйлеуге;

10. Республикалық бюджет қаржыларынан партиялар қызметін қаржыландыруға;

11. Мемлекеттік ақпараттық тапсырыс шеңберінде мемлекеттік және мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарында өз қызметін көрсетуге;

шараның мақсатын көрсетуге міндетті емес. Сол сияқты жобада басқа да мәселелер көтерілген.

Сарапшылар мен білікті саясаткерлердің бағалауынша «Ақ жол» партиясының бұл жобасы Парламентімізде оппозициялық партиялардың рөлін арттыруға мүмкіндік береді. Көпшілік талқылау әлі де жүріп жатыр, сондықтан өңір толықтырулар мен өзгерістер енуі өлден мүмкін. Ең бастысы дәп осы талаптар парламенттегі оппозициялық партиялардың мәртебесін анықтауға ғана емес, бүкіл біздің қоғамда осы демократиялық заңдылықтардың сақталуын қамтамасыз ету үшін де қойылса дұрыс болар еді.

Адамзаттың арманы болған демократиялық қоғам құру ешқашан жеңілдікпен келген емес, оның жолында талай қантөгістер орын алғаны да тарихтан белгілі.

Баспасөз, әлеуметтік желілер, қоғамдық ұйымдар өткізген сауалнамалар осыны көрсетеді. Солармен бәрі сараптағанда, топтастырып қарағанда мынадай пікірлердің басым екенін байқауға болады. Қос парламент көптеген елдерде жоқ, ол міндет те емес. Біздегі Сенат пен Мәжіліс қызметі бір-бірін қайталайды. Олай болса жоғары палатаның қажеттілігі бар ма, ол саяси және экономикалық жағынан елімізге тиімді ме? Елуге тарта сенаторлар мен оның көмекшілеріне жоғары жалақы төлеу, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жасауға, толып жатқан іс-сапар шығындарын өтеуге мемлекет есебінен қаржы шығындалады. Оның үстіне Сенаттың 15 депутаты президенттің тікелей тағайындауы демократия заңына томпақтау келетіні белгілі. Сол сияқты Мәжілісте 9 депутатты Халық Ассамблеясының меншіктеп алуы да заңға сыйымсыз дейді демократиялық құндылықтарды зерттеген сарапшылар.

Тек қана партияларға дауыс беру де адамдарымыздың құқығын шектейді. Шынын айтсақ еліміздегі дауыс беруші тұрғындардың әрі кетсе 20 пайызы ғана түрлі партиялар мүшесі. Көпшілік сол партиялардың қайдан шыққанын, не тындырып жатқанын білмейді. Ал партияда жоқтар сонда не істеуі керек? Олар өз өкілдерін сайлауға керек пе? Конституциямыз бойынша кез келген Қазақстан азаматы сайлауға, сайлануға құқылы емес пе? Сондықтан, жеке тұлғаның өзі-өзі ұсыну құқығын халықаралық қалыпқа келтіру қажет.

Біздің бұл айтқанымыз көпшілік пікірлердің ішінен тек қана сайлауға қатыстысына ғана іріктеп іліп алғанымыз. Бұқара үніне құлақ түретін болсақ, көптеген құнды ұсыныстарды тыңдап, қажеттісін көдеге жаратуға болады.

Тәуелсіздік алысымен елімізде қазіргі заманға сай жаңа дамыған мемлекет құруды қолға алғалы билік басында отырғандардан бастап, көшеде жұмыссыз жүргендерге дейінгі жұмыр басты пенделердің аузынан «Демократия!» деген сөз түсіп көрген емес. Мінберге шығып алып сайрайтын лауазымды басшылар да, саясаттың жілігін шағып, майын ішкендер де, тандайы тақылдап тұрған телеарналар да осы демократиялық қоғам туралы жылдар бойы құлағымызға құйып-ақ келеді, тіпті «Біз демократиялық елміз!» деп халықаралық қауымдастық алдында жар салып, мақтанып қоятынымыз да бар. Ол жағынан кемшілік болған емес. Бірақ іс жүзінде «демократия» деген сол бір жарықтықты қатардағы қарапайым халық қолмен ұстамақ түгіл, көзі де көрмейді. Коммунизмнің қауға сақалды көсемі Карл Маркс кезінде «Еуропаны елес кезіп жүр, ол — коммунизм елесі» — деп айтқандай, елімізге елес болған демократия кең-байтақ елімізден қонатын орын таба алмай жүргенге көбірек ұқсайды. Кім білсін, бәлкім біреулердің ауласына келіп қонып, біреулер оны көріп, қолымен ұстаған да болар? Кейбіреулердің «Біз демократиялық қоғамда өмір сүріп жатырмыз!» деп өзеурегенін көргенде, «әркімнің өз шындығы бар» дегендей, біздің қазақ елінде әркімнің өз «демократиясы» бар секілді. Соған қарағанда, шын мәніндегі демократиялық қоғам құру керектігі жөнінде біз енді ғана ойлана бастаған сынайлымыз...

# ПАРЛАМЕНТАРИЗМ – ДЕМОКРАТИЯНЫҢ БАСТЫ БЕЛГІСІ

Бүгінгі күні дүниежүзінің 190 елінде парламенттік құрылымдар бар. Оның жетпісінде қос палаталы, қалғандарында бір палаталы парламент жұмыс істейді. Олардың екеуінің де басты ұстанымы – қоғамның түрлі көзқарастағы топтарын біріктіру болып табылады. Қысқасы, әлемдік ортақ тұжырым бойынша демократия – парламентке өз өкілдерін сайлау арқылы қоғамды тікелей халықтың өзінің басқаруы. Бұл демократия деген ұғымның әлем бойынша қалыптасқан бұлжымас қағидасы.

Осы бір күнделікті айтылып жүрген таптаурын тақырыпқа теренірек үңілуге жақында «Ақ жол» партиясының «Парламенттік оппозиция туралы» ҚР Заңына өзгертулер енгізу жайындағы мәлімдеген жобасы түрткі болды. Алматы қаласында көпшіліктің назарына ұсынылып, жобаны талқылауға белгілі саясаткерлер, ғалымдар, БАҚ өкілдері мен қала тұрғындары қатысып өздерінің оң пікірлерін білдірді. Біздің Парламенттегі саны жағынан аз болғанмен өзін белсенді партия ретінде танытып жүрген ақжолдықтардың алғашқы болып үн қатқанын ерекше атап өтуіміз керек. Айта кетелік, осыған ұқсас жобаны партия бұрынғы сонау 2013 жылдары ұсынған болатын. Бірақ ол кезде жоғары жақта бастаманы ешкім қолдай қойған жоқты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламенттегі оппозиция мәртебесін анықтау туралы тапсырмасы осыған оң ықпал еткені айтпаса да түсінікті.

Өйткені, бізде президенттік басқару жүйесі қалыптасқан. Президент айтпаса ешқандай партия өзінің саяси ұйғарымдарын айта алмайды. Біздің Парламенттегі қалған партиялар (егер оларды партия деп есептеуге болса) осы күнге дейін ләм-мим деп асып ашқан жоқ. Бұл жерде биліктің «Нұр Отан» партиясының үнісі отыруын өлден түсінуге болады, өйткені оларға ешқандай өзгерістің қажеті жоқ, онсыз да Парламентте олардың басым көпшілік екені белгілі. Сондықтан оларда «демократия» дегеніңіз жетіп артылады, дауысқа салса кез келген мәселені кем дегенде 80 пайыздық басымдықпен өздерінің қалауынша шеше салады. Сол себепті «парламенттегі оппо-



депутаттан тұрады. Оның ішінде 9 депутатты Қазақстан халық Ассамблеясы сайлайды.

Сонымен «Ақ жол» партиясы ұсынған 18 баптан және оның ондаған тармақтарынан тұратын жобада қандай мәселелер көтерілді? Соның ең басты дегендеріне ғана тоқталайық. «Ақ жол» партиясының талабы мынандай — Парламенттік оппозицияны құрайтын саяси партиялар:

1. Өз депутаттарын Мәжіліс төрағасы мен тұрақты комитеттері төрағаларының орынбасарының лауазымына кандидатура ұсынуға;

2. ҚР әлеуметтік және экономикалық блок министрлерінің орынбасарларының лауазымына тағайындау үшін кандидатуралар ұсынуға;

3. ҚР республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің төрағасын және мүшелерін ұсынуға;

4. Парламенттік тыңдаулар мен парламенттік тергеулерге бас-тамашылық жасауға және жүргізуге;

5. Кез-келген мемлекеттік комиссиялардың және орталық мемлекеттік органдардың жанындағы сараптамалық кеңестердің құрамына енуге;

6) Үкімет жетіп жобасын енгізген кезде, Мәжіліс Парламентінің жұмыс тобында бірге қаралуы тиіс, осы Заңның балама жобасын енгізуге;

12. Республикалық бюджеттен бөлінген парламенттік лимит шеңберінде партияның әлеуметтік бағдарламаларын қаржыландыруға;

13. Мемлекеттік органдардың парламенттік оппозиция депутаттары жолдаған депутаттық сауалдарға жауаптар әзірлеу кезінде сауалда баяндалған ұстанымды қорғау үшін олардың жұмысына қатысуға;

14. Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес өзге құқықтарын жүзеге асыруға құқылы.

Осы талаптарға байланысты оны қалай іске асыруға болатын жолдары жобада нақты тарқатылып көрсетілген. Сонымен бірге парламенттік оппозиция жиналыстарын, митингтерін, шерулерін, пикеттерін және демонстрацияларын хабарлама жасау тәртібінде арнайы белгіленген орындарда өткізуге құқылы екендігі жөнінде де айтылған. Мемлекеттік органдар қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ азаматтар Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпті сақтап өткізілетін парламенттік оппозицияның жиналыстарына, митингтеріне, шерулеріне, пикеттеріне және демонстрацияларына кедергі жасамайды. Оны ұйымдастырған кезде, парламенттік оппозиция, партияның бағдарламасы сайлаушылардың қолдауына ие болғандықтан, хабарламада іс-

Оған қарсы топтар қашан да, қай елде де болған табылады.

Демократияның негізгі принципі — халықтың өз өкілдерін сайлап, сол арқылы мемлекетті өзі басқару. Демек, сайлау бұл жерде шешуші қадам болып табылады. Сондықтан ең бастысы сайлау ешқандай бұрмалаусыз әділ өтуі қажет. Ашығын айтсақ бұл жағынан біз мақтана алмаймыз, көптеген сарапшылардың және көпшіліктің пікірінше бізде сайлау ешқашан әділ өтіп көрген емес. Сайлау әділ өтпесе, сайлаушылардың дауысы ұрланса қайдағы демократия туралы сөз болуы мүмкін. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жиырма-сыныншы ғасырдың соңында өмір сүріп жатсақ та, «Біз парламенттік басқаруға дайын емеспіз» деген ұстанымға тоқтап, «вертикальды президенттік басқару жүйесін» тандап алдық. Тіпті, «Демократия деген не, оны менен қосып айналдырғандар да болды. Ал, шын мәнінде халық елдегі саяси жағдайды, қандай мемлекет құру керектігін жақсы біледі, одан ештеңе жасыра алмайсыз. Демократиялық қоғамның қандай болатыны олар да біледі. Өйткені, бүгінгі байланыс жақсы дамыған заманда кез келген ақпарат тез тарайды.

Бірақтар сарапшылардың, жалпы бұқараның біздің қоғамдағы жүйе туралы пікірі ала-құла.

# СОҢҒЫ СӨЗДІ СОТ АЙТАДЫ - ӘДІЛ ШЕШПЕСЕ ХАЛЫҚ АЙТАДЫ!

## ТРИЛЛИОН ҮНЕМДЕГЕН ҚАЙРАТКЕРДІ МИЛЛИОНДАРДЫ ЖЕП КЕТКЕН АЙЛАКЕРГЕ ЖЫҒЫП БЕРМЕК ПЕ?!

**«Заңсыз және арандатушылық әрекеттерге барғаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес органы қызметкерлерін қатаң жазалау керек. Ондай қызметкерлерге тергеу саласында орын жоқ!»**

*Қазақстан Президенті ҚТоқаевтың  
Қазақстан Халқына Жолдауынан.*

### ҰЛТТЫҚ БЮРО ТЕРГЕУШІЛЕРІ мен ШАЙМЕРДЕНОВТЫҢ ІСТЕРІ – НАҒЫЗ ЗАҢСЫЗ АРАНДАТУШЫЛЫҚ

Триллион үнемдеймін деп түрмеге түскен Ислам Әбішев пен Серік Түкиевтің атышулы сотында өткен аптаның бейсенбісінде, 16 қаңтарда прокурор Саламат Сүлейменов айыптауын оқыды. Адвокаттардың тергеу ісінің заңсыздығын, жалған да, жасанды дәлелдердің бәрінің күлін көкке ұшырған қарсы дәлелдерінің біріне де қарсы жауап бермей, тек жазып келгенін (жазып бергенін бәлкім) бас көтермей сыдыртып оқып шықты. Ислам Әбішевке 11 жыл, Серік Түкиевке 8 жыл бас бостандығынан айыруды сұрады...

Үш айдан астам уақытқа созылған басты сот талқылауындағы айыптау тарабының Ислам Әлмаханұлы Әбішевті Қылмыстық Кодекстің 24-бабы 3-бөлігі, 366-бабының 4-бөлігімен, яғни аса ауыр қылмысын жасады деп айыптаудың негізі болып табылатын «басты дәлелдерге» тоқталып көрейік.



Адвокат Саян Жүнісбаев тергеу ісінің дәлелдерінің бәрі жалған екенін нақты дәлелдермен көрсетіп береді. Алдымен тағылған айыптың қысқаша мазмұнына тоқтасак: «Ислам Әбішевтің қызметтік өкілеттігіне кіретін әрекеті үшін аса ірі мөлшерде пара алу үшін жалпы соммасы 5 980 598 463 теңге болатын «Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданында Соколов топтық су құбырын қайта жаңарту және қосылған ауылдық елді мекендердің тартату жүйелерін салу, II-кезек» құрылысы бойынша Комитет пен «Қазбайлық Астана» ЖШС араларында келісім шарт түзу үшін соңғы мекеменің

басшыларынан құрылыстың жалпы соммасы 4-5% яғни, 250 000 000 теңге ақшаны «откат» ретінде А.К. Шаймерденов арқылы талап етіп, оның 60 000 000 теңге ақшасынан 10 000 000 теңгесін С.А.Тукиевке беруге, ал параны қалған бөлігі 50 000 000 теңге ақшаны кейін өзі алуға оқталған» деп айыпталуда. Бұл айыпты растайтын бұлтартпас даусыз дәлелдері ретінде айыптау тарабы сотқа қаралып отырған қылмыстық істің құжаттарын, атап айтқанда жасырын тергеу амалдарын жүргізу кезінде алынған аудио-видео таспалар (стенограммалар), олар бойынша жүргізілген сот психологиялық-филологиялық сараптамалар қорытындылары, негізгі куәләр Шаймерденовтің, Жампозовтың, Шындаулетовтың жауаптарын ұсынып отыр. Бұл дәлелдемелерге тоқталатын болсақ, нақты айыптау тарабы тұжырымдап отырған айып өз дәлелін таппай, теріске шығарылады және бұл дәлелдемелер керісінше сотқа дейінгі тергеп тексеру қаншалықты айыптау бағытында көптеген өрескел заң бұзушылықтарға жол бере отырып жүргізілгенін растайтын деректер болып табылатынын айқын ақиқат», – дейді адвокат.

Бұл орайда, ең алдымен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Ұлттық бюросының (СЖҚК ҰБ) жедел қызметкерлері мен Шаймерденовтің жасырын тергеу амалдарын жүргізу барысындағы көрінеу заңсыз әрекеттеріне тоқталайық. Қылмыстық істің құжаттарына сәйкес Ислам Әбішев пен Серік Түкиевке және тағы басқа тұлғаларға қатысты жасырын тергеу амалдары 23.12.2018 ж. бастап 14.03.2019ж. дейін тұрақты түрде үздіксіз жүргізіліп келген. ҚР «Жедел-іздістіру қызметі туралы» Заңының 15-бабында, жедел іздістіру қызметін жүргізу кезінде азаматтарды құқық бұзушылыққа итермелеуге және арандатуға тікелей шектеулер қойылған. Осыған қарамастан ҚР СЖҚК ҰБ-ның жедел қызметкерлері мен Шаймерденовтің жасаған әрекеттері қылмысты имитациялау емес, Ислам Әбішевті және Серік Түкиевті құқық бұзушылыққа итермелеуге және паракорлыққа арандатушылыққа анық бағытталғанының куәсі болды. Істің мән-жайларына сәйкес, СЖҚК ҰБ-ның қызметкерлері, соның ішінде Исмагулов Жәрдем, Шаймерденовті пара беруші ролінде ме, әлде куә ретінде ме, әлде жәбірленуші ретінде ме, әлі

күнге дейін белгісіз, әйтеуір оны пайдалана отырып, Ислам Әбішев параны алуға ниеттенбесе де, оның қылмыс жасағаны туралы дәлелдемелерін жасанды түрде қалыптастыру мақсатында жасырын тергеу амалдарын жүргізген. Исмагулов пен Шаймерденов, Ислам Әбішевті паракорлыққа арандату мақсатында «Қазбайлық Астана» ЖШС-не қатысы бар адамды танитын А.Макишевке өз бастамасымен жолығып, оған: «Ислам Әбішев «Қазбайлық Астана» ЖШС-нен 250 000 000 теңге ақшалай пара талап етіп жатыр» деп жеткізеді. Ал А.Макишев өз кезегінде осы мекеме ресми емес қатысы бар А.Тюлегеновке жолығып, хабарлайды. Соңғысы бұған келіспей, бас тартады. Сонымен қатар, пара беру себебін тудыратындай «Қазбайлық Астана» ЖШС мен СКР арасында осы шартты орындайлуымен байланысты проблемалар болмағанын және ол қалыпты орындалып отырғанын атап көрсетті (30.10.2019ж. сот тергеуіндегі – пара беруден бас тартқаны және мүлдем ойы болмағаны туралы А.Тюлегеновтің жауабы). Ең маңыздысы, дәл сол кезеңде И.Әбішев, А.Шаймерденовтің бұл әрекеттерінен бейхабар болған. Өйткені, қылмыстық қудалау органы И.Әбішевтің қылмыстық ниетін растайтын бірде-бір дәлелдеме қылмыстық істе жоқ. Соған қарамастан, Азамат Шаймерденов 21.12.2018 ж. ҚР СЖҚК



ҰБ-на жазбаша арызданып, өзінің арызында «03.07.2014 ж. СРК мен «СМП-610» ЖШС араларындағы жасасқан шарты үшін Ислам Әбішевке оның жақын адамы Қалыбеков Ибадулла арқылы 1 млн. АҚШ долларын бергенін және аталған шарт бұзылғаннан кейін Ислам Әбішев «Қазбайлық Астана» ЖШС-нен 250 млн. теңгені өзінен талап етіп, оның 190 млн. теңгесін өзі алып, қалған 60 млн. теңгесін өзіне әкеп беруін талап етті» деп көрсетеді. Ал арызда (1-бума, 3-бет) және 22.12.2018 ж. жауабында (15-бума, 1-8 беттер) көрсетілген А.Шаймерденовтің 1 млн. АҚШ долларын Ислам Әбішевке оның жақын адамы

Калыбеков Ибадулла арқылы апарып бердім деген уәждері еш дәлелін таппаған тек қана құр сөз болып шықты. Өйткені, сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде анықталып, жауапталған Қалыбеков Ибадулла өз жауабында (16-бума, 14-19 беттер) және Шаймерденовпен өткізген беттестіруде (16-бума, 29-беттен басталады) соңғының жауабын толығымен теріске шығарды. Осылайша Шаймерденовтің бұл жауабы еш дәлелсіз құр сөзге айналады. Сол себепті де тергеу органы 31.07.2019ж. қаулыларымен И.Әбішев пен И.Қалыбековке қатысты ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлімінің 2-тармағымен, яғни қылмыс құрамының болмауына орай қылмыстық қудалауды ақталатын негізбен тоқтатады (28-бума, 176-200 беттері).

Енді ҚР СЖҚК ҰБ-ның жедел қызметкерлері «Қазбайлық Астана» ЖШС-тарапынан Ислам Әбішевке пара беруден бас тартуына орай, оны пара беруші ролінде пайдалана алмайтынын біліп, А.Шаймерденовтің көмегімен әрі қарай қылмысты имитациялауды сылтауратып, пара алуға келісімін бермесе де, Әбішевті паракорлыққа арандатуға кіріседі. Сөйтіп, 24.12.2018 ж. бастап 14.03.2019 ж. жасырын тергеу амалдарын жүргізеді, соның ішінде А.Шаймерденов өзінің денесіне дыбыс және бейне құралдарын тағып алып, 8-рет С.Түкиевтің, екі рет И.Әбішевтің әңгімелерін жазып алады. «Қазбайлық Астана» ЖШС А.Шаймерденовтың пара беруге үгіттеуіне көнбей, бас тартқасын, Ұлттық бюросының жедел қызметкерлері Шаймерденовтің өз бастамасымен демеушілікке бергісі келген ақшаларын пара ретінде пайдаланып, С.Түкиевтің 10 млн. теңге беріп, құжаттандырып алады. Алайда, жасырын тергеу амалдары осы қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеру мерзімі ҚР ҚПК-нің 45-бабының 7-бөлігінің 1-тармағымен, яғни кінәлі тұлғаның анықталмауына орай 3 рет көрінеу заңсыз үзілген аралықтарда жүргізіліп отырған. Яғни жасырын тергеу амалдарының нәтижелері сотқа дейінгі тергеп, тексеру мерзімінің заңсыз үзілу кезінде алынған. Бұдан бөлек ҚР Бас прокуратурасының ҚС және АЕ Комитетінің мәліметтеріне сәйкес, үш рет мерзімін ұзу туралы шешімнің тек біріншісі ғана ресми тіркелген, қалған екі шешімі тіркелмеген, яғни мерзімді ұзу және қалпына келтіру туралы шешімдердің карточкалары қойылмаған.

Ендігі кезекте жасырын тергеу амалдарының жүргізілу нәтижесінде алынған жазбалардың мазмұндарына көз жүгіртсек, аса ірі мөлшерде пара алуға оқталды деп айыпталып

отырған Ислам Әбішевке қатысты ақша туралы мәліметтер мен әңгімелер тек қана екі жағдайда жазылып алынған: Біріншісі – 20.01.2019 ж. «Риксос» қонақ үйінде. Екіншісі – 07.03.2019 ж. Астана-Шымкент бағытындағы ұшақта. Бірінші жағдайда, И.Әбішев өзінің «Қазбайлық Астана» ЖШС-нен ақша алған сынайлы жалған әңгімелер тарқап кеткенін Шаймерденовке айттып, ренішін білдіруде және үшінші тұлғалармен берілетін ақшалай қаражаттар Дүниежүзілік «Қазақ күресі» федерациясына демеушілік көрсетуге арналғаны А.Шаймерденов, И.Әбішев және С.Түкиев араларындағы үш жақты әңгімелердің мазмұнынан анық көрініп тұр (9-бума, 121-138 беттерде, СПФС қорытындысында көрсетілген). Екінші жағдайда, И.Әбішев пен А.Шаймерденов араларындағы әңгімелерде етіп жатқанын көрсететін нақты белгілер жоқ (9-бума, 165 бетте СПФС қорытындысында). Дәл осы жерде маңызды жағдайларды атап кетсек: 1. Шаймерденовтың арызы бойынша 60 млн. теңге пара талап етті деген Әбішев қонырау шалып Шаймерденовті кездесуге шақырмаған, кездесу тағайындамаған, ақша мүлдем сұрамаған, яғни еш хабарсыз кеткен. Бұл жағдай Исмагулов пен Шаймерденовтің сотта берген жауабымен де расталады; 2. Сол күнгі, 7 наурыз 2019 жылғы ұшақтағы кездесу Исмагуловтың бастамасымен Шаймерденовтің жасағанымен ғана орындалған, өйткені қорқытып ақша талап етті деген Әбішев еш хабарсыз кеткенін, оның ұшаққа отырып Шымкент қаласына ұшып баратқанын біліп, ұлттық бюросының жедел қызметкері Исмагулов Жәрдем шүгері турде ұшақ билетін алып, Шаймерденовті дереу Астанақаласының әуежайына шақырып алып, сол жерде сағат 14.45-14.50 уақыт аралығында оған «Москит» маркалы диктофонын беріп (13-бума, 29-бетте арнайы құралды тапсыру туралы хаттама), ұшаққа отырғызады. Ұшақта отырып, өзіне хабарласпаған, шақырмаған Әбішевке байланысқа шығады, сұранып қасына отырып алған; 3. Содан соң Әбішевтің қасына келіп отырып алып, ақша туралы әңгімені өзінен-өзі бастаған, алайда стенограммадағы әңгіме мазмұнында Әбішев Шаймерденовтің ақша туралы әңгімелеріне қолдап жауап қатпаған және ақша талап ету немесе сұрау туралы әңгіме қозғамаған. Ал 50 млн. теңге ақша туралы әңгімелер мүлдем басқа, яғни тақырыпқа қатысы жоқ «Қазбайлық Астана» ЖШС-нің қос мердігерлігімен байланысты тақырыпта қозғалған; 4. Стенограмма мазмұнына сәйкес, Әбішев Түкиевтің Федерацияға



демушілік ретінде Шаймерденовтен 10 млн.тенге алғанынан да бейхабар болып шыққан. Дәл осы жағдай стенограмма мазмұнымен ғана дәлелденіп қоймай, 31.10.2019 ж. сотта берген Шаймерденовтің және Исмагулов Жәрдемнің өздерінің жауаптарымен расталады. Атап айтсақ, 20.01.2019 ж. бастап 07.03.2019 ж. ұшаққа отырғанға дейін бұрын-соңды 50 млн.тенге ақша талап етті деген Абишев өзінің тарапынан ешқандайда қорқытып пара талап етушілік әрекетін жасамаған, Шаймерденовке хабарласпаған, оны кездесуге шақырмаған. Сол себепті, сотта жауапталған жедел қызметкер Исмагулов Жәрдем мен Шаймерденовтің парақорлыққа арандатушылық-айдап салушылық жасағанының айқын көрінісі болып табылады. Жедел қызметкерлерінің Шаймерденовтің өздерінің парақорлыққа арандатушылық-айдап салушылық жасағанының айқын көрінісі болып табылады. Жедел қызметкерлерінің Шаймерденовтің өздерінің парақорлыққа арандатушылық-айдап салушылық жасағанының айқын көрінісі болып табылады. Жедел қызметкерлерінің Шаймерденовтің өздерінің парақорлыққа арандатушылық-айдап салушылық жасағанының айқын көрінісі болып табылады.

Айыптау тарабының келесі уәжине баға беретін болсақ: «Абишев хаттың түскенін пайдаланып, Республикалық бюджеттің қысқартылуының Комитетке ешқандай қатысы жоқтығын біле тұра, өзі алдында аса ірі мөлшерде талап еткен параны толығымен алу мақсатында, «Қазбайлық Астана» ЖШС-нің заңды мүдделеріне залал келтіруі мүмкін әрекеттеріне жасаймын деп, оларға 28.01.2019 ж. №18-3-1-169-КВР хатымен Республикалық бюджеттің қысқартылуы күтілуіне байланысты 14.11.2018 ж. түзілген №42

келісім шартқа қосымша түзілетін келісім шарт уақытша тоқтатыла тұратыны туралы хабарлап, пара берушіні қорқытып, «Қазбайлық Астана» ЖШС-нің басшыларын өзіне аса ірі мөлшерде пара беруге мәжбүр болатындай жағдайға қасақана қойған», – деп көрсетеді. Айыптау тарабы бұл тұжырымын Шаймерденовтің жауабымен негіздеген (15-бума, 22-бетте), яғни Шаймерденовтің жауабына сәйесі, ол 2019 жылдың ақпан айының басында Макишевпен кездескен кезде, Абишев өзіне және Тукиевке уәде еткен ақшаны талап етуін жалғастырып жатқанын, әйтпесе СРК Соколовский су құбырын жөндеу жұмыстарына қолжетпейді (секвестирование) тастайтынын, соның салдарынан «Қазбайлық Астана» ЖШС-мен шарттың орындалуын қамтамасыз ету үшін банктік кепіл ретінде берілген 500 млн. тенгесін қайтарып алуға қиындық туғызатынын айтады. Кейінірек «Абишев тек қана қорқытып қоймай, «Қазбайлық Астана» ЖШС-не бюджетті қысқарту (секвестирование) туралы хат жолдаған» дейді. Алайда 31.10.2019 ж. сот тергеуінде жауапталған Шаймерденов бұл мәліметтерді Макишевтен естігенін, «Қазбайлық Астана» ЖШС-нің өзі 2019 ж. жұмысын жоспарлау мақсатында қаржыландыру жоспарын сұрап СРК-ға жазған хаты туралы мүлдем білмегенін айтып, қашқалақтады. Дегенмен, айыптаудың бұл тұжырымдары өз дәлелін таппағаны былай тұрсын, істей кезекте орындалған мақсаттары мен өзі қабылдаған процессуалдық шешімдеріне қарама-қайшы келеді:

– Егер шын мәнінде Абишев өзіне және Тукиевке уәде еткен ақшаны талап етуін жалғастырып, осы ақшаны иемдену үшін «Қазбайлық Астана» ЖШС-не бөлінетін ақшалай қаражаттарды қысқартып тастаймын деп қорқытып-үркіту ойы болса, онда неге 2019 ж. ақпан айының басында-ақ әлі «талап еткен параны» алмай жатып, «Қазбайлық Астана» ЖШС-мен қосымша келісімге отырып, оны 2019 жылға қаржыландыруға оны беруді?

– СРК Республикалық бюджетті қысқартылуының Комитетке ешқандай қатысы жоқтығын біле тұра, өзі алдында аса ірі мөлшерде талап еткен параны толығымен алу мақсатында, «Қазбайлық Астана» ЖШС-нің заңды мүдделеріне залал келтіруі мүмкін әрекеттеріне жасаймын деп, оларға 28.01.2019 ж. №18-3-1-169-КВР хатымен Республикалық бюджеттің қысқартылуы күтілуіне байланысты 14.11.2018 ж. түзілген №42

– Шын мәнінде Абишев пара беруді талап еткен болса,

онда неге 20.01.2019 ж. бастап 07.03.2019 ж. А.Шаймерденовке хабарласып, онымен кездесуді тағайындап, параны сұрамайды. Яғни, бұл жағдай Абишевтің ойында пара алу болмағанын, сондықтан да Шаймерденовке хабарласу мүлдем жоспарында болмағанын дәлелдейді.

Айыптау тарабының тағы бір уәжине баға беретін болсақ: Айыптау актісінде көрсетілгендей, өз кезегінде, «пара талап етуші Абишевтің қылмыстық әрекетінен хабарсыз оның туған інісі Қ.Абишев, Қ.Шындаулетовке хабарласып, онымен 13.03.2019 ж. жолығып, А.К. Шаймерденовтен ақша алуды тапсырған» деп айыптайды. Айыптаудың бұл тұжырымы тек қана дәлелсіз болмағаны болып, тергеу органының істегі процессуалдық шешімінің тұжырымына тікелей қайшы болып шықты. Өйткені Абишев өзінің туған інісі Қ.Абишевке, ол өз кезегінде Қ.Шындаулетовке хабарласып, пара нысанын алуды тапсырса, онда неге айыптау тарабы бұл туралы жасырын тергеу амалдары барысында жазылған әңгімелерді сотқа ұсынбады!? Одан бөлек сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының 31.07.2019 ж. қылмыстық іс бойынша жеке-леген тұлғаларға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы (28-бума, 176-200 беттер) қаулылары И.Абишевтің 14.03.2019 ж. Қ.Шындаулетов А.Шаймерденовтен алған ақшаға қатыстылығын жоққа шығарады.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларды тұжырымдай келе, ҚР СЖҚК ҰБ-ның қызметкері Исмагулов Жәрдем мен Шаймерденов ұйымдасқан түрде арнайы мақсатта қылмыстық әрекетті имитациялау ұғымын бүркеніп пара алуға ниеті болмаған Абишевтің парақорлыққа арандату, айдап салу әрекетін жасаған. Бұл мақсатта қылмыстық әрекеттерді имитациялаушы тұлға ретінде 21.12.2018 ж. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қызметіне Абишев пен Тукиевтің үстінен арызданған мүдделі Шаймерденовті қатыстырған. ҚР СЖҚК ҰБ-ның жедел қызметкерлерінің бұл шешімі кездейсоқ емес. Өйткені іс бойынша пара беруші болып табылатын «Қазбайлық Астана» ЖШС-нің өкілдері Малгаждаров та, Тюлегенов те Абишевке СРК-мен жасасқан шарты үшін «откат» ретінде пара бермек түгілі, ол туралы мүлдем ойланғанды болмаған, өйткені жасалынған шарт бойынша жұмыстар қалыпты жағдайда орындалып отырған, СРК тарапынан ешқандай кедергі болмаған. Ал Макишев болса пара беруші

болып табылатын «Қазбайлық Астана» ЖШС-на мүлдем қатысы жоқ болып шығады. Сот тергеуінде жауапталған Макишев пара беруге де, «Қазбайлық Астана» ЖШС-не мүлдем қатысы жоқ екенін анық көрсеткен.

Дәл осы жағдайға қарамастан, ҚР СЖҚК ҰБ-ның лауазымды тұлғалары қылмыстық істегі барлық процессуалдық құжаттарда (жасырын тергеу амалдарын жүргізу, сезіктілерге қатысты бұлтартпау шарасын қолдану, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қаулыларда) ресми анықталған мәлімет ретінде іс бойынша пара беруші ретінде «Қазбайлық Астана» ЖШС және оның директоры ретінде Макишевті және соңғы СРК-мен жасасқан шарты үшін «откат» ретінде 250 млн.тенге пара беруге келісімін берді, – деп көрінеу жалған мәліметтер енгізіп-көрсетіп, сот органдарын шатастырып, Абишев пен Тукиевке қатысты қате тұжырым жасауға әкеліп соқтырған. Қылмыстық процесстің заң тұрғысынан ҚР СЖҚК ҰБ-ның қызметкерлерінің бұл процессуалдық әрекеттері ешқандай сын көтермейді. Өйткені сот тергеуінде 28-бумадан тұратын қылмыстық істің құжаттарын зерттеу кезінде қылмыстық қудалау органының Шаймерденовтің қатысуымен «жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялауды жүргізу» туралы қаулысы қылмыстық істе – тізімінде (опись) жоқ болып шықты, яғни сотқа ұсынылып отырған қылмыстық істің құжаттарымен Шаймерденовтің қатысуымен жүргізілген жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық әрекеттерді имитациялау туралы әрекеттер заң тұрғысынан негізделмеген болып табылады. Бұл орайда, ҚР ҚПК-нің 112-бабының 3-бөлігінде, егер күдіктінің, жәбірленушінің және маманның қорытындысы, заттай дәлелдемелер, тергеу және сот әрекеттерінің хаттамалары және өзге де құжаттар қылмыстық іс материалдарының тізімдемесіне енгізілмесе, оларды айыптау негізіне жатқызуға болмайды, – деп көрсеткен. Бұдан бөлек қылмыстық істе 14-бумасының 47-49 беттерінде ҚР СЖҚК ҰБ-ның тергеушісі Д.Бахытовтың Шаймерденовтің қатысуымен «қылмыстық әрекетті имитациялауды жүргізу» туралы тапсырмасында мерзімдері көрсетілмеген. Осылайша қылмыстық істе Шаймерденовтің қатысуымен қылмыстық әрекетті имитациялауды жүргізу әрекеттерін қылмыстық процесстің заңнаманың талаптары тұрғысынан заңды және негізді танитын ешқандай құқықтық процесстік құжаттар жоқ. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларды тұжырымдай келе, ҚР СЖҚК ҰБ-ның жедел қызметкерлері мен Шаймерденовтің әрекеттерін қылмыстық әрекеттерді имитациялау емес, пара алуға ниеті болмаған Абишевке қатысты жасанды дәлелдемелерді қолдану арандату-айдап салу болып табылады. ҚР Жоғарғы Сотының «Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы» 2015 жылғы 27-қарашадағы №8 нормативтік қаулысының 24-тармағына сәйкес, қылмыстық қудалау органдарының ҚК-нің 366-бабының бірінші бөлігі және осы нормативтік қаулының 25-тармағына сай, ҚК-нің 417-

бабының екінші бөлігі бойынша сотта жарияланған өтініштерді қолдай отырып ҚР СЖҚК ҰБ-ның қызметкерлерінің және арызданушы А.Шаймерденовтің әрекеттерінде паракорлыққа арандатушылық-айдап салушылықты танып, жүргізілген қылмыстық әрекетті имитациялауды заңсыз деп танылуы керек. Ал адвокат Абзал Құспан «нағыз арандатушы сексот (секретный сотрудник) екені анықталды деп мәлімдеген Азамат Шаймерденовтың қандай арандатушы екенін сот барысында жауап берген куәлер де нақты дәлелдеп берді. 1. Ол адвокаттардың «Сіздің Ұлттық бюро тергеушілерімен бұрыннан байланысыңыз бар ма?» деген сұрағына сотта «Шындықты айтамын», деп ант қабылдап тұрып, «Жоқ» ешқандай байланысым болған емес!» деп, алаяқтықпен жалған жауап береді. Ал адвокаттар талабымен Кселл компаниясынан алынған телефон жазбаларында анықталғандай, Шаймерденов Ұлттық бюроға Ислам Әбішевтің үстінен жалған арыз жазған күнінен екі ай бұрын Ұлттық бюроның СҚО департаменті басшысы орынбасары Арлан Андасовпен күнде сөйлесіп отырған. 53 рет сөйлесудің 49-ы Шаймерденовтың бастамасымен, 4-і Андасовтың бастамасымен болған. Тіпті, сыралғыдосқтардай, түн жарымда да, түнгі 22-30-дарда телефон соғып, сөйлесіп отырған. Ал куә ретінде шақырылған А.Андасов адвокаттардың барлық жауабына бір-ақ сөзбен «Не помню» деген сөзбен жауап берді. «Кешегі сөйлескенімді де ұмытып қаламын» деп соқты Атын сұрасаң да «не помню» дейтін түрі бар А.Андасовқа сотталушы Ислам Әбішев «Бәрін ұмытып қала берсең, онда сен қалай департамент басшысының орынбасары болып жүрсің» деп сұрады. Оған да «не помню» деп жауап бере жаздаған Андасов ақыры адвокаттар сұрағының ешқайсысына жауап бермей жалтарып кетті. «А.Жампозовты танымаймын, көрген адам емес» деген Андасовтың сөзін сол залда отырған А.Жампозов теріске шығарып, Андасовты Шаймерденовтың офисінде 4-5 рет көргенін, тіпті телефон алмасқандарын айтып берді. Сол кезде Шаймерденов Андасовты компания ұжымына «бізге заңгер болып жұмысқа келді» деп таныстырады. «5-6 айдан бері айлық ала алмай жүрміз?» деген сұраққа: «Тегін істейсің?» деген сұраққа: «Тегін істейді» деп жауап берген. Жампозов Андасовты одан кейін И.Әбішев тұтқындалған күннің ертеңіне Шаймерденовтың шақыруымен бір жанармай бекеті қасындағы техникалық жөндеу шеберханасында екеуін көргенін айтты. Шаймерденов Жампозовқа: «Көкешканы кеше ұстады, есіттің бе? Мен ұстаттым», – дейді. «Иә, есіттім. Неге олай жасадың?» деген Жампозовқа Шаймерденов: «Ол менімен келісім-шартты бұзды ғой» деп жауап береді. И.Әбішевтің үстінен арыз беруші А.Шаймерденовтың онымен бас араудығының себебі, ол арыз берерден 5 ай бұрын И.Әбішев басқарған Су ресурстары комитеті мен Шаймерденовтің СМП-610 компаниясы арасындағы келісім шарт (құны 7,6 млрд теңге) бір жақты Су ресурстары комитеті талабы бойынша үзілген болатын. Мұның заңдылығы сот арқылы дәлелденген.

(Жалғасы 6-7-беттерде)

# СОҢҒЫ СӨЗДІ СОТ АЙТАДЫ - ӘДІЛ ШЕШПЕСЕ ХАЛЫҚ АЙТАДЫ!

## ТРИЛЛИОН ҮНЕМДЕГЕН ҚАЙРАТКЕРДІ МИЛЛИОНДАРДЫ ЖЕП КЕТКЕН АЙЛАКЕРГЕ ЖЫҒЫП БЕРМЕК ПЕ?!

(Басы 4-5-беттерде)

Жампозов Андасовтың Ұлттық бюро қызметкері екенін кейін 2019 жылы мамыр айында тергеушіге жауап беруге барғанда көреді. Бұл жауап беріп жатқан кабинетке кірген Андасов Жампозовқа: «Қалайсың, братишка?» - деп амандасып, тергеушіні сыртқа 5-6 минутқа алып кетеді.

Куә ретінде жауап берген Қ.Шындәулетов те Шаймерденовтың бұның жұмысшылары мен техникасын алып жұмыс істетіп, миллиондаған ақысын әлі төлемей зар қақсатып жүргенін айтып берді.

Ал сайт пен әлеуметтік желіден И.Әбішев соты өтіп жатқанын, онда басты арызданушы Шаймерденов екенін білген Көкшетауда тұратын Фуат Рифхатович Ишмухаметов (Foat Ishmukhametov) деген кісі келді.

Ол адвокаттарға хабарласып, «фейсбуктен тікелей эфирден Әбішев сотын әркез көріп отырдым, Азамат Шаймерденовтің кластасымын, ол туралы куәлік еткім келеді» деп өзі өтініш айтыпты.

Ислам Әбіш сотынан Фейсбукта тікелей эфир жүргізіп келген, прокурордың талабымен сот залында аудио/видео және басқа да жазу құралдарына тыйым салынған соң да тұрақты түрде жазба жариялап келе жатқан белгілі журналист Сәуле Әбілдаханқызының «Азамат Шаймерденов «СЕКСОТ» қана емес, «ҚЫЛМЫС МАНЬЯГІ» — деді куәгер» атты жазбасын оқиық:

«Бүгін сотқа келген куәгер Фуат Ишмухаметовтің айтуынша, Азамат Шаймерденов «жалақор сексот (секретный сотрудник)» қана емес, «қылмыс маньягі». Азамат Шаймерденов туралы бұдан басқа да көптеген айқалы айтып, оның алаяқтық қылмыстарын дәлелдейтін фактілерді баяндап берді.

Адвокаттар судья Қ.Мекемтасқа Фуат Ишмухаметовтен куә ретінде жауап алуға өтініш айтты. Прокурор С.Сүлейменов өтінішті қанағаттандыруға қарсы болды. Алайда, адвокаттардың дәйекті ұяждеріне тоқтаған судья Қ.Мекемтас өтінішті қанағаттандырып, Фуат Ишмухаметов куәгер ретінде жауап берді.

Фуат Ишмухаметовтің айтуы бойынша, ол 1997 жылдан бері Азамат Шаймерденовті таниды, екеуі бір сыныпта оқыған, бір партада отырған. Жылдар бойы жақсы дос болған. Бір күні А.Шаймерденов Фуатты бірге бизнес ашуға үгіттей бастайды. Фуаттың өз бизнесі болған, алайда досының үгіттеуіне көніп, 2010 жылы 200 млн теңгесін Шаймерденовтің «норка өсіру» жобасына салып, бірлесіп бизнес бастаған.

— Қалай 200 млн теңгемді компанияның шотына салдым, ертеңіне ол мүлде өзгерді, мен та-

нитын Азамат емес, басқа адамға айналды. Бұрын «братан, друг» деп жылы сөйлесетін досым менің ақшам фирмасына түскен күннің ертеңіне маған басқа тонмен сөйлей бастады, зекіп, бұйырып сөйлейтін болды. Мені адам деп санамайтын болды. «Неге менімен олай қарым-қатынас жасайсың?...» десем:

— Сенімен басқа қалай сөйлесу керек, сен енді бичсің ғой... Саған 70-80 мың тг айлық тағайындаймын, маған водитель боласың, арасында менің машинамен балаларыңды бақшаға апарып тұруына рұқсат, — деді.

Оның «норка өсіреміз» деген фирмасы жұмыс істеген жоқ, бір жылға жетпестен құлдыратып жоқ қылды. Ол ол ма, менің атымнан жалған «Сенім хат» жазды-



рып, менің атымнан жалған ЭЦП жасатып, компанияның банктік шотында ірі көлемде ақша айналымдарын жасап, мені 197 млн теңге салық қарызым мойныма іліп кетті...

Азамат Шаймерденовтің құқық қорғау органына арыз жазғаным, экспертиза арқылы барлық құжаттар жалған екенін дәлелдедім. 3 жылдан бері прокуратура маған, менің арызым бойынша сұранысыма әркез «күдікті Шаймерденовті тексеріп жатырмыз» деп жауап берумен болды. Жақында соңғы жауаптарында «Шаймерденовтің кінәсі жоқ» деген жауап алдым....

Азамат Шаймерденов бұрын прокуратурада, республикалық қаржы полициясында аса маңызды істер бойынша жедел уәкіл қызметін атқарған. Екі органнан да «жақсы» кетпеген. А.Шаймерденов құқық қорғау органдарына тәуелді. Оның үстінен бірнеше қылмыстық істер қозғалған. Менен басқа да қазақстандық және шетелдік компанияларды Шаймерденов миллиондап ақымға отырғызған, біріненше тақырға білемін.... Бүгінгі таңда бір шетелдік оны сотқа беруге құжат жинап жүргенін білемін....

А.Шаймерденовтің бір фирмасы әйелінің атында еді, ол фирмасы арнаулы техника сату, жеткізумен айналысады. Ол спецтехника, негізінен, «жучоктар», яғни арнайы тыңдайтын, түсіретін диктофондар, камералар. Ол техникаларды ҰҚК-ге, құқық қорғау ор-

гандарына жеткізіп тұрды. Ол техникалар, тауарлар сейф-кабинетте сақталады. А.Шаймерденов кез-келген сәтте кез-келген адамды белгілі бір қашықтықта отырып тыңдай алады. Кез-келген ауа райында алыс қашықтықта анық қып видеоға түсіре алады. Сосын кешкі сағат 7-ден түнгі 12-1-ге дейін сол ақпараттарды жалықпай, шаршамай тыңдап отыратын, жұртты жасырын тыңдау оның екінші жұмысы тәрізді боп кеткен. «Онсыз да мына өмірде қоқыс ақпарат көп, саған сол артық қоқыстар не үшін керек, басыңды мусорға толтырып қайтесің?...» десем, «Түүүүшш... тыныш... Қазір ақпараттық шабуыл заманы, бұл ақпараттар арқылы баюға болады...» дейтін...

Ол алаяқтық қылмыс жасау-



дан, адамдардың үстінен компромат жинап, оларға жала жабудан, кісілерді зарлатудан ләззат алады, «қылмыс маньягі» десем болатын шығар...- деді Фуат Рифхатович.

— Азамат Шаймерденовтің әкесі де өмір бойы құқық қорғау органында, соңғы кезінде Ақмола облыстық полиция басқармасында кадр бөлімінде басшылық қызметте істеген. Өзі полковник дәрежесіндегі зейнеткер. Азамат әкесінің досын да жүздеген миллион теңгеге «лақтырып» кеткен. Ол кісі «Азаматтың үстінен арыз жаса алмаймын, өйткені ол менің досымның баласы ғой, өз баламдай болған, арыз жазуға қолым бармайды, сол миллиондар жоғалды деп есептейміз енді, ұмытамыз...» деді. Азамат Көкшетауда тұратын өз әкесімен хабарласпағанына, бармағанына 4 жыл болды. Ол қарындасының тойына да бармаған...- деді Шаймерденовтың сыныптасы Фуат Ишмухаметов.

### СОТ САРАПТАМАСЫ ӘДЕЙІ БҰРМАЛАНҒАНЫ ДА АНЫҚТАЛДЫ

Ендігі кезекте айыптау тарабының басты дәлелдемелерінің бірі ретінде сот психологиялық-филологиялық сараптамалар қорытындыларына баға беріп көрейік.

Іс бойынша «пара берушінің» де, «пара алушының» да статусы түсініксіз және күмәнді, оның үстіне пара нақты адресатқа жетпеген. Бұндай жағ-

дайда, негізгі дәлел ретінде іске қатысушылардың өзара сөйлескен сөздері және оған сарапшылардың беретін баға, яғни психологиялық-филологиялық сараптама қорытындылары міндетті түрде басты дәлелге айналып шығады. Қылмыстық істің 8-бумасында ШҚО бойынша сот сараптамасы институтының сарапшысы Г.К.Кудайбергенованың №1348 санды, 28.06.2019 ж., №1349 санды, 21.06.2019 ж., №1350 санды, 25.06.2019 ж., №1351 санды, 24.06.2019 ж., сот психологиялық-филологиялық сараптамаларының қорытындылары (СПФС) тіркелген. Сараптама қорытындыларының сапасы сын көтермейді, онда сәйкессіздіктер мен қарама-



қайшылықтар өте көп орын алған. Мәселен, №1351 сараптаманың синтездеу бөлігіндегі Шындәулетовтың сөздері аз болуы себепті, оның пара алуға итермелеу бөлігінде анықтау мүмкін еместігі және құқықтау баға беруге жататыны себепті, СПФС міндетіне жатпайтыны туралы жазылады да, алайда қорытынды бөлігінде СПФС міндетіне жатпайтыны туралы бөлігі қалып қойған. №1349 санды сараптаманың қорытынды бөлігінде, сарапшы №5-6 сұрақтарын біріктіре жауап бере келіп, тырнақшаның ішіне ақша сомасының келісімнің 10% болуы мүмкін екендігі туралы болжам жасаған. Біріншіден, сарапшының қорытындысы болжамға негізделмеуі керек, екіншіден, ақша сомасының шыққан тегін анықтау немесе келісімнің қанша пайызына жататыны туралы тергеуші тарапынан сұрақ қойылмаған, соған қарамастан сарапшы Кудайбергенова қойылған сұрақ шеңберінен асып кеткен. Осы сұрақтың зерттеу бөлігінде, Абишевке тиесілі емес сөзді сарапшы жазып қойған, ондай сөз стенограммада жоқ. Осы сараптаманың №10 сұрағын зерттеу бөлігінде бір-біріне қарама-қайшы екі тұжырым жасалған. 1. Тараптардың әңгімесі бір-біріне түсініксіз 2. Бір-біріне түсінікті деп, қорытындыға жеткілікті негізделмесе де, екінші тұжырым кетіп қалған. №1348 санды сараптаманың қорытындысында

5-58 сұрақтарын біріктіре жауап берген сарапшы зерттеу бөлігінде негіздеп, нақты сөздерден мысал келтірмеген. Әрі қарай осы қорытындысының 25 бетінде, сарапшы Кудайбергенова №12, 19, 25, 31, 37, 44, 51 санды сұрақтарды біріктіріп, бір жауап берген, яғни 7 сұрақ бір сұраққа біріктірілген. Сұрақтың орысша мәтіні тергеуші тарапынан былай (сараптама басында орыс тілінде тағайындалған) қойылған (мысалы №12 сұрақ) «Имеется ли в разговоре между Тукиевым и Шаймерденовым от 03.01.2019 г., (ссылка на диски) со стороны Тукиева, смысловых компонентов требования денежных средств и на какие нужды?». Сарапшы біріктірілген сұрақтарға жауап бере келіп, атап айтқанда, Тукиев тарапынан Шаймерденовтен ақша талап ету фактісі жоқ, ақша беруге итермелеу әрекеті бар дей келе, сарапшы сұрақтың ең маңызды тұсын, ол ақшаның қандай қажеттілікке («на какие нужды») сұрағанына әдейі жауап бермей кеткен! Ал бұл сұрақтың өте маңызды жері! Себебі, барлық стенограммаларда және басқа да іс материалдарында Тукиевтың Шаймерденовтен алған 10 000 000 теңге ақшаны «Қазақша күрес» федерациясының спортшыларын Голландияға іссапарға апару үшін демеушілік ретінде алмақшы болғаны анық көрсетілген болатын! Бұл жерде сарапшы Кудайбергенованың толық емес жауабы істің квалификациясына тікелей әсер ететінін айту керек! Асыған ұқсас, №1349 санды сараптаманың бірінші бетінде сарапшы Кудайбергенова тергеушінің №1 былай қойылғанын көрсетеді (сөзбе-сөз) «Содержит ли текст в разговоре между Абишевым и Шаймерденовым от 07.03.2019 г., (диск №1 папка «69с от 11.03.19 г») файл: 2019 март 07 15-00.wav) общие темы и позволяет ли лексико-синтаксический анализ текстов беседы говорить о том, что участники ведут разговоры на понятную друг другу тему (общую для них тему) и кто является инициатором встречи, разговора и начала каких-либо тем для разговора?». Алайда, сараптаманың зерттеу бөлігінде (№8 беті) бізге белгісіз себептермен, сұрақтың соңғы абзацы толығымен түсіп қалған! Яғни, сарапшы Кудайбергенова өз бетінше тергеу тарапынан қойылған сұрақты өзгертіп тастаған! Нәтижесінде, қорғау тарапы үшін өте маңызды «кездесулердің, әңгіменің жалпы оқиға басталуының бастамашы себепкері кім» деген сұрақ сарапшы тарапынан жауапсыз қалдырылды! Ал іс материалдары бойынша да, стенограммалар мәтіні бойынша да, жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша себепкер Шаймерденов екені анық көрініп тұр! СПФС жүргізу-



барысында сарапшы Кудайбергенова әдістемелік және құқықтық сипаттағы қателіктер мен заң бұзушылыққа жол бергені үшін Сот сараптама орталығының 04.10.2019 ж. №20-05-15, 3133 санды рецензиялау нәтижесі туралы хатына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Сондай-ақ, қорғаушы тарабы ҚР ҚПК-нің 70-бабының 3-бөлігінің 5-тармағының тәртібімен шартты негізде сараптама өткізіп, 19.09.2019 ж. сарапшы (лицензия №14008132 05.06.2014ж.) А.Г.Есбаевтың қорытындысы алынып, өтініш негізінде сотпен іске жалғанды. Бұл сараптаманың қорытындысы сарапшы Кудайбергенова жол берген кемшіліктердің орнын толтырып, қорғаушы тарабы үшін маңызды сұрақтарға, яғни 20.01.2019 ж. кездесудегі Абишевтің әңгімелеріндегі ақша қаражаттары федерацияны қолдауға бағытталғанын және 07.03.2019 ж. ұшақтағы кездесу Шаймерденовтің бастамасымен және бұл әңгімеде Абишев ақша талап етіп жатқаны байқалмайтыны туралы толыққанды жауап берген.

«Айыптау тарабының сотталушыларды кінәлі деп тану үшін ұсынып отырған жеткіліксіз және бір-біріне қарама-қайшы келетін дәлелдемелерін зерттеп баға беру кезінде ҚР ҚПК-нің және ҚР Жоғарғы Сотының «Қылмыстық істер бойынша дәлелдемелерді бағалаудың кейбір мәселелері туралы» 20.04.2006ж. №4 Нормативтік Қаулысының талаптарын басшылыққа алады деп ойлаймын. Өйткені ҚР ҚПК-нің 125, 393-баптары мен аталған Нормативтік Қаулының 12, 13-тармақтарының талаптарына сәйкес, әрбір дәлелдеме – оның қатыстылығы, жол берілетіндігі, анықтығы, ал барлық жиналған дәлелдемелер өз жиынтығында қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс. Егер дәлелденуге жататын мән-жайлардың барлығы және әрқайсысы туралы ақиқатты ешқандай күдіксіз және даусыз белгілетін, іске қатысты жол берілетін және анық дәлелдемелер жиналса, дәлелдемелердің жиынтығы қылмыстық істі шешу үшін жеткіліктілігі деп танылады. Айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол сот талқылауы барысында сотталушының қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлілігі соттың зерттеген дәлелдемелерінің жиынтығымен расталған жағ-

дайда ғана шығарылады. Ал соттың үкімсотталушы мен жәбірленушінің талданбаған, ақиқаты салыстырылмаған және басқа дәлелдемелермен: куәлардың айғақтарымен, процестік әрекеттердің хаттамаларымен, сарапшылардың қорытындыларымен, заттай дәлелдемелермен және өзге де құжаттармен расталмаған айғақтарының негізінде ғана шығарылса, оны заңды деп тануға болмайды. Сот әр түрлі куәлардың іс жүзіндегі бір мән-жайлар жөнінде қарама-қайшы айғақтарын бағалай отырып, басқа дәлелдемелердің, айғақтардың өзіндегі қарама-қайшылықтарды талдаудың көмегімен, бірі қабылданып, келесілері шындыққа сәйкес келмеуі салдарынан теріске шығарылған дәлелдемелердің уәждерін сот актісінде көрсетіп, оларды шешуі тиіс. Дегенмен сот тергеуінде анықталғандай, айыптау тарабы ұсынып отырған басты дәлелдемелері бір-біріне қарама-қайшы келеді және бір-бірін теріске шығарып тұр. Соның ішінде басты куә А.Шаймерденовтың сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот тергеуінде берген жауаптарының өзі бір-біріне және қылмыстық істерге жанысырын тергеу амалдарының нәтижелеріне және сот психологиялық-филологиялық сараптамалар қорытындылары тікелей қарама-қайшы келіп, теріске шығарып тұр», – дейді адвокат Саян Жүнісбаев.

Бұдан басқа куә А.Шаймерденов сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде 4-рет берген жауабында «И.Абишев «Қазбайлық-Астана» ЖШС-нен Шаймерденов арқылы ақша талап етуін куә А.Жампозов арқылы жүзеге асырып отырды» дегеніндей бірде-бір сөздері жоқ. Ал сот тергеуінде кенеттен бұрынғы берген жауабын түбегейлі өзгерте отырып, «И.Абишев Шаймерденовтен ақшаны А.Жампозов арқылы талап етті» деп көрсетеді. Бұлай жауап беруінің себебі, айыптау тарабының куәсі А.Жампозов соттан бұрынғы жауабында ҚР СЖҚК ҰБ-ның жедел қызметкері Ж.Исмагуловтың және куә Шаймерденовтің тарабынан бірнеше рет қоңырау шалып, қысымшылықтар мен қорқытулар көрсетілулеріне қарамастан, олардың ықпалынан шығып, сотқа келіп, тергеудегі жауабын қолдамай теріске шығарып, сотта шынайы жауап беріп, тергеу органының лауазымды тұлғаларының құқыққа

қайшы әрекеттерін әшкерелеп беруінде. Сондай-ақ куә А.Шаймерденовтің жауабы бойынша «И.Абишев «Қазбайлық – Астана» ЖШС-нен шарттық сомасының 4-5 пайызын талап етті» десе, сот психологиялық-филологиялық сараптаманың қорытындысында пара сомасы 10 пайыз деп көрсетілген. Әрі қарай айыптау актісінде, «12.03.2019 ж. Нұр-Сұлтан қаласына (сол кездегі Астана қаласына) К.А.Абишовтың танысы Түркістан облысының тұрғыны К.К. Шындаулетов келген. Өз кезегінде, «пара талап етуші» И.А.Абишевтің «қылмыстық әрекетінен» хабарсыз оның туған інісі К.А.Абишов, И.А.Абишевтің «қылмыстық әрекетінен» хабарсыз К.К.Шындаулетовке хабарласып, онымен 13.03.2019 ж. жолығып, А.К.Шаймерденовтен ақша алуды тапсырған. 14.03.2019 ж. Нұр-Сұлтан қаласы (сол кезде Астана қаласы), Тұран көшесі №33 мекен-жайында «Традициональ» мейрамханасында И.А. Абишевтің «қылмыстық әрекетінен» хабарсыз К.К. Шындаулетовке қатысты жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу барысында, әрі қарай И.А. Абишевке берілуі тиіс пара беруші ретінде қылмыстық әрекеттің имитациялаған А.К.Шаймерденовтен 49 000 000 теңгесі муляж, 1 000 000 теңге шынайы ақша жалпы сомасы 50 000 000 теңге ақшаны қолма-қол алу барысында ұсталған» деп көрсетіп қойған. Айыптау тарабының дәлелдері осы тұжырымдары расталмағаны былай тұрсын, өздері сотқа ұсынып отырған дәлелдемелер мен құжаттарға қарама-қайшы келеді. Қ.Шындаулетов 14.03.2019ж. 50 млн.теңгені И.Абишев үшін алып жатқаны дәлелденбеген. Ал, И.Абишев болса Шындаулетовке немесе Қаныбек Абишевке А.Шаймерденовтен 50 млн.теңге ақшаны алып келуін тапсырғаны жөнінде, яғни араларындағы байланыс ешқандай аудио-бейне жазба дәлелдерімен расталмайды, ал жасырын тергеу амалдары соңғы күнге дейін үзбейтіндігі белгіленіп келген. Сол себепті 31.07.2019 ж. Шындаулетов пен Қ.Абишевке қатысты іс әрекеттерінде қылмыс құрамының болмауына орай ҚР ҚПК-нің 35-бабының 1-бөлімінің 2-тармағымен ақталатын негізде тоқтатылған болатын. Дегенмен, ҚР СЖҚК ҰБ-ның қызметкерлері мен А.Шаймерденовтің дәлелдерді қолдан жасау мақсатында паракорлыққа арандатушылық-

айдап салушылық әрекеттерінің айқын көрінісі – Қ.Шындаулетов әлі Астана қаласына келмей жатып, онымен ақша туралы сөйлеспей жатып, Шаймерденов ҰБ-ның қызметкерлерінен алдын ала 11.03.2019 ж. 50 млн.теңгені Шындаулетовке беру үшін қара сөмкеге салып алып, 3-күн бойы өзімен ұстап күтіп жүрген. Бұл көрініс А.Шаймерденовтің арандатушылық әрекетін жасағанының көрінісі ғана болмай, СЖҚК ҰБ-ның қызметкерлерімен тығыз байланыста болғанын растайды. Өйткені, Шаймерденов құқық бұзушылыққа бейім болып қана қоймай, бұрын СЖҚК ҰБ-да аса маңызды істер бойынша инспектор болып жұмыс жасаған және осы ведомстваның жедел қызметкерлерімен байланысын жалғастырып келген.

Ислам Әбішев ісіндегі қарапайым жәй халыққа да айқын көрініп тұрған арандатушылықтар мен заңсыз құйтырлықтардың қаптап жүруі Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан Халқына Жолдауында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Ұлттық бюросы туралы: «Заңсыз және арандатушылық әрекеттерге барғаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес орғалау керек. Ондай қызметкерлерге тергеу саласында орын жоқ!» – деген ауыр айыптауына нақты дәлел болып тұр...

Ендеше, 21 қаңтар күні Ислам Әбішев пен Серік Түкеевтің адвокаттары осы уақытқа дейін дәлелдеп келген нақты айғақтарымен прокурор С.Сүлейменовтың сырғытпа «айыптауының» тас-талқанын шығаратыны анық.

Белгілі қорғаушы, білікті адвокат Абзал Құспан прокурордың айыптауына былай деп түсінік берді:

– Прокурордың айыптау сөзі ешқандай ақылға сыймайды! Ол 17 пунктке тоқталды. Біз 40-қа жуық өтініш-хат бердік. Оның бәрі ойымызға келгенді айта салған емес, негізделген дүние. Куәлер, айыптау жағының өзі әкелген куәлер түгелге жуық тергеуші сөздерін бас тартты. Жәй бас тартып қойған жоқ, 180 градусқа ауыстырып айтты. Прокурор тергеушілердің сотта анықталған іс-әрекеттерінің бір де біреуіне тоқталған жоқ. Мен бұны қорғаушы ретінде емес, бұрынғы прокуратура қызметкері ретінде айтып отырмын. Ал, прокуратура қызметінің міндеті бойынша оның бәріне баға беруі тиіс еді. Одан басқа да біз сот барысында анықтаған жаңа мән-жайларға да тоқталған жоқ. Тек қана «тергеудің айыптау қорытындысында жазылған мәселелер сот барысында толығымен дәлелденді» деп, жалған айтып, сырғытып өтешікті. И.Әбішевке үш эпизод бойынша кінә тағылған еді. Ал, қылмыстық эпизод тіркелуі тиіс Реестрде соңғы екеуі тіркелмеген! Бұл жайлы, куәлердің жаппай бас тартуы, туралы анықталған мән-жайлар жана бір ауыз сөз жоқ.

21 қаңтар күні біз, қорғаушылар, бәріміз сөйлейміз. Сөзіміздің мәтінін журналистерге таратып береміз. Кейін арнайы баспасөз конференциясын өткіземіз. Біз қандай сұрақ болсын, ашық жұмыс істеуге дайынбыз. ҚР Президенті Қ.Тоқаев та, Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асанов та осыны талап етуде. Бірақ, біздің жарыссөз бен үкімнен тікелей ре-

портаж жүргізуге рұқсат сұраған өтінішіміз қабылданбады. Қандай мақсатпен қабылданбағаны бізге түсініксіз, сірә, сот пен прокурор оған дайын болмаса керек. Әрқайсысы істі қысқартуға негіз болатын 5 (бес!) бірдей елеулі процессуалдық кодексті бұзушылық орын алып отыр бұл істе! Марат Қоғамов – 2015 жылы қабылданған жаңа Қылмыстық-процессуалдық кодекстің авторларының бірі – соларды көрсетіп жазбаша қорытынды жазып берді, – дейді.

Тағы бір назар аударар ерекше мәселе – Ислам Әбішевті қолдап, араша түсу үшін ҚР Президенті Қ.Тоқаевқа арналған, алды әлемге әйгілі қаламгерлер-қайраткерлер, өнер жұлдыздары мен бір топ Парламент депутаттары, Олимпиада чемпионы мен қазақ спорты ардагерлері бастаған ұлт зиялыларының «Қазақ үні» ұлттық порталында жарияланған Ашық хатына әділдік іздеп қол қойған азаматтардың саны 200 мыңдай болып, бірінші бұндай қол жинаулардан 100 еседей артып, рекордтық деңгейге жетті. Ел үніне Мемлекет басшысы да назар аударды деп үлкен үміт күтеміз.

Әйгілі кинодағы кейіпкер айтқандай «Біздің әлемдегі ең әділ де гуманды айт» қолдан жасалған жалған айыптаудың жабуын сыпырып алып, әділдік туын көтеріп шығуы тиіс деп сенеміз. Қазақ тіліндегі шаласуаттылығына және екі бет қаулысынан 74 қате жібергеніне байланысты қорғаушылар үш рет сенімсіздік білдірсе де, үш ретте де қайтып келген (өйткені ел астанасында бұдан артық қазақ тілін білетін сот жоқ...), орнынан қозғалмайтын мекеме тас екенін білдірген судья Мекемтастың енді сот әділдігіндегі мекемедігіне куә болайық деп тілейміз.

Айтпақшы, Ислам Әбішевтің сотының арқасында судья Қажымұқан Мекемтас қазір қазақша жап-жақсы сөйлейтін болып қалды... Соған қарап үш айдан асқан сот барысында әр аптада судьяларды ауыстырып отырғанда осы уақытқа дейін оншақты судья қазақ тілін меңгеріп қалар еді деп те ойлап қоямыз...

Тәуелсіздік алған отыз жылдай уақытта Мемлекеттік тілді білмей-ақ мемлекет заңын сақтау арқылы шешім шығаратын мемлекетіміздің соттары елорданың өзінде толып тұрты, отыз жыл бойы әліміз Ұлттық идеологиядан жұрдай болғаны жанға батады... Ұлттық Намысына тиіп, қорланасын. Әрине, намыс болғасын жаның ауырады да...

Сонда, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – мемлекет заңын қадағалаушы прокуратура мен сот мемлекеттің триллионын үнемдеген мемлекетшіл қайраткер Ислам Әбішевті талайдың миллиондарын жеп кеткен алаяқ Азамат Шаймерденовке жығып бермекші ме? Әлде Шаймерденов үнемделген триллионда «майлы сыбағаларынан» айрылған жоғарыдағылардың айтқандай құрағы ма?

Бұған 29 қаңтар күні соңғы сөзді айтатын сот жауап береді!

Сол күні сот залынан табылайық, халайық!

Ел қаржысын қорғаймын деп, жазықсыз күйіп бара жатқан Ерді біз де қорғап, араша түсейік, әділдік іздеген әлеумет!

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілімек. Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, ақын, ағартушы, ұлттың жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды.

Өткен жылы Абайдың шығармаларынан үзінді оқу эстафетасы өтті. Ләйлім атты оқушы қыз ұсынған бұл елдік шараға мен де қатысып, қолдау көрсеттім. Мектеп оқушыларынан ел азаматтарына, тіпті, әлемдік деңгейдегі танымал тұлғаларға дейін зор қызығушылық танытып, лезде іліп әкеткен бұл бастама бірнеше айға ұласты. Соның арқасында бүкіл Қазақстан Абай мұрасын тағы бір зерделеп шықты. Бұл – Абайға деген құрмет әрі ұрпақты тәрбиелеудің тиімді тәсілі. Абай жырларын оқу челленджи биыл, ақын мерейтойы тұсында жаңаша жанданады деп сенемін.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз.

Осы орайда Абай мұрасының тигізер пайдасы зор деп есептеймін. Ұлы ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың ой-тұжырымдары баршамызға қашанда рухани азық бола алады. Сондықтан ұлтымызды жаңғырту ісінде оның еңбектерін басшылыққа алып, ұтымды пайдалану жайын тағы бір мәрте ой елегінен өткізген жөн.

Мен бұл мақалада Абай сөзінің бүгінгі заманымыз үшін көкейкестілігі, ақын шығармаларынан халқымыз қандай тағылым алуға тиіс екендігі жөнінде жұртшылықпен ой бөліскім келеді.

## ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ ҮЛГІСІ

Жаңғыру – өткеннен қол үзіп, тек жаңа құндылықтарға жол ашу деген сөз емес.

Шын мәнінде, бұл – ұлттық мұраларымызды бүгінгі оң үрдістермен үйлестіре дамытуды көздейтін құбылыс. Бұл ретте, біз Абайды айналып өте алмаймыз. Себебі, ұлы ойшыл осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын ұлтты жаңғыруға, жаңаруға, жаңа өмірге бейім болуға шақырған.

Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі».

Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге елдің, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді, – деген өнегелі сөзі ақын мұрасының мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын аңғартады.

Абайдың шығармаларына зер салсақ, оның үнемі елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екенін анық білеміз. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен талап етті. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
Қазақстан Республикасының Президенті

# АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі, ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз.

Ал, біздің міндетіміз – осы ілгері көшке ілесіп қана қоймай, алдыңғы қатардан орын алу.

Ол үшін, ең алдымен, білім беру саласын заманға сай дамытуымыз керек. Сол мақсатта ауқымды жұмыстар атқарылғанымен, отандық білім беру ісінде әлі де олқы тұстар бар. Оны жетілдіру жолдарымен сайлау алдындағы бағдарламалар және өткен жылғы тамыз конференциясында нақты атап көрсеттім.

«Педагог мәртебесі туралы» заңның қабылдануы – осы бағыттағы игі бастамалардың бірі. Бұл – білім беру ісінде жаңа жетілдіру арналарын қамтамасыз ететін қадам. Жалпы, кез-келген қоғамда ұстаздың орны бөлек. Мұғалімдер білімді әрі сана-

лы ұрпақ тәрбиелеу ісінде аса маңызды рөл атқарады. Ұстазға құрмет көрсетіп, қадірлеу – бәріміздің міндетіміз. Сондықтан мемлекет мұғалім мамандығының мәртебесін көтеріп, алаңсыз жұмыс істеуіне жағдай жасауы керек.

Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. Ақын жиырма бесінші қара сөзінде өзге тілдің адамға не беретініне тоқталып: «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арыздана жалынбайды», – дейді.

Демек, өзмізді орыс тұрған жұртпен деңгейлес болу үшін де оның тілін меңгерудің маңызы зор.

Ал қазіргідей жаңа тарихи жағдайда бәріміз ана тіліміздің дамуы мен дәріптелуіне назар аударып, оның мәртебесін арттыруымыз керек. Сонымен қатар, ағылшын тілін үйренуге де басымдық беру қажет. Жа-

старымыз неғұрлым көп тілді меңгерсе, соғұрлым мүмкіндігі кеңейеді. Бірақ олардың ана тілін білуіне баса мән берген жөн. Өскелең ұрпақ, Абай айтқандай, ғылымды толық игерсе, өз тілін құрметтесе әрі шын мәнінде полиглот болса, ұлтымызға тек игілік әкелері сөзсіз.

Қазір әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгеруде. Барлық салада жаңа міндеттер мен тың талаптар қойылуда. Ғылымдағы жаңалықтар адамды алға жетелейді. Ақыл-оймен ғана озытын кезең келді. Заман көшіне ілесіп, ілгері жылжу үшін біз сананың ашықтығын қамтамасыз етуіміз керек. Бұл қадам өркениеттің озық тұстарын ұлттық мүддемен үйлестіре білуді талап етеді.

сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет.

Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан, азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн.

Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынғана да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты.

Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-

мұндай кезде өзіміздің таптаурын, жадағай әдеттерімізден бас тартуымыз қажет.

Абайдың кейбір қарекеттерге көңілі толмай, «Терең ой, терең ғылым іздемейді, Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында.

Ақын ел-жұртын түрлі өнерді игеруге үгіттеді. Соның бәрі уақыттың талабы екенін ол анық аңғарып, ұлтына ертерек үн қатты. Тіпті қазір айттып жүрген интеллектуалды ұлт қалыптастыру идеясы Абайдан бастау алды деуге болады. Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді.

Сондықтан Абайды терең тануға баса мән бергеніміз жөн. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге кәсіпкерлік, беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай

тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі.

## МЕМЛЕКЕТ ІСІНІҢ МҮДДЕЛЕСІ

Біз егемен ел ретінде өсіп-өркендеуіміз үшін мемлекеттілігімізді нығайтуымыз керек.

Заң үстемдігі және қоғамдық тәртіпті сақтау баршаға ортақ міндет екенін ұғынған жөн. Халықтың билікке деген құрметі болмаса – елдігімізге сын. Сондықтан азаматтарға, әсіресе, жастарға мемлекетті сыйлаудың мән-маңызын түсіндіру қажет. Осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал.

Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, ұлт бірлігін биіктетті.

Ол әділетті қоғам құру идеясын көтерген. Демек, Абайдың көзқарастары ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамы және оның береке-бірлігі үшін аса құнды. Хакім Абайдың ұстанымдары өркениетті мемлекет қағидаларымен үндеседі. Заң үстемдігі, биліктің ашықтығы мен халық алдында есеп беруі жоғары деңгейде болып, мемлекет ісіне азаматтық қоғам өкілдері бене сенем араласқан жағдайда ғана әділеттілік берік орнығады.

Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» атты тұжырымдама дәл осы әділетті қоғам идеясын дамыту мақсатымен ұсынылды. Билік пен қоғам арасындағы сындарлы диалог мемлекетке деген сенімді нығайта түседі. Үкімет мүшелері, соның ішінде министрлер мен әкімдер мемлекеттің







# АБАЙ ЖӘНЕ ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

(Басы 8-9беттерде)

Абай өзінің қара сөздерінде адамзат баласына ортақ мұраларды дәріптей отырып, рухани биікке құлаш сермеп, алысқа канат қаққанын көрсетеді. Оның қара сөздерінің арқауы — кісілік, мәдениет, ізгілік. Хакім Абайдың қара сөздеріне балама еңбек іздесек, француз ойшылы Монтеннің жазбалары ойға оралады. Десек те, Монтень өз болмысы мен адам тұлғасы жөнінде көбірек ой толғаса, Абай қара сөздерінің басты миссиясы — ойлану, өзгеге ой салу, мақсатты ұстанымға айналдыру. Демек, ұлы ойшылдың қара сөздері — аса құнды еңбек.

Әлемдік мәдениетте Абайды қаншалықты жоғары дәрежеде таныта алсақ, ұлтымыздың да мерейін соншалықты асқақтата түсеміз. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, ақпараттық технологиялар заманында Абай сөзі баршаға ой салуға тиіс.

Дүние жүзінде ғылым мен білімнің түрлі салаларында дамытуға зор үлес қосып, бүкіл адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған тұлғалар баршылық. Мысалы, Қытай дегенде Лао-цзы мен Конфуций, Ресей дегенде Достоевский мен Толстой, Франция дегенде Вольтер мен Руссо бірден ойға келеді. Сол сияқты шетелдіктердің бәрі бірдей Қазақстан дегенде бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз керек. Өзге жұрт «Қазақ халқы — Абайдың халқы» деп, бізге ілтипат білдіріп отырса, зор мәртебе болары анық.

Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы — қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да үлгі-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені ақынның мұрасы — бүкіл адамзат баласының рухани азығы.

Қазақ елі барда Абай есімі асқақтай береді. Оның асыл сөздерін рухани байлығымыз ретінде жоғары ұстасак, туған еліміздің әлем алдындағы абыройы арта берері сөзсіз.

Ең алдымен, Абайды ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттауымыз керек. Өркениетті елдер қазақтың болмыс-бітімін, мәдениеті мен әдебиетін, рухани өресін әлемдік деңгейдегі біртуар перзенттерінің дәрежесімен, танымалдығымен бағалайтынын ұмытпайық. Сондықтан, Абайды жаңа Қазақстанның бренд ретінде әлем жұртшылығына кеңінен таныстыру қажет. Бұл — бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы.

## ТОРҚАЛЫ ТОЙДЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Біз ұлттық сананы жаңғыртамыз және бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастырамыз десек, Абайдың шығармаларын мұқият оқуымыз керек. Оның қоғамдағы түрлі үдерістерге қатысты көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін аса пайдалы. Өз заманының ғана емес, қазіргі қоғамның да бейнесін танытқан Абай — елдік мұраттың айналасы темірқазығы.

Әр қазақтың төрінде домбыра тұрсын деген ұғым қалыптасқанын бәріміз жақсы білеміз. Сол сияқты әр шаңырақта Абайдың кітабы мен



Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы тұруы керек деп санаймын.

Келер ұрпақ Абайдың сара жолын жалғауға тиіс. Бұл — ұлы ақын арманының орындалуы. Сондықтан біз Абайдың ойынан да, тойынан да тағылым алуға тиіспіз.

Биыл Абайдың 175 жылдығына орай халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде 500-ден астам іс-шара ұйымдастырылады. Тамыз айында Семей қаласында ЮНЕСКО-мен бірлесіп өткізілетін «Абай мұрасы және әлемдік руханият» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ең басты шараға айналады. Сондай-ақ, қазан айында Нұр-Сұлтан қаласында «Абай және рухани жаңғыру мәселелері» деген тақырыпта халықаралық конференция өтеді. Бұл жиындарда Абайдың тұлғасы мен мұрасы жан-жақты зерделеніп, оның шығармашылығын ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанның игілігіне пайдалануға жол ашылады.

Маңызды жобаның бірі — ұлы ақынның шығармаларын он тілге аударып, басып шығару. Атап айтқанда, Абай еңбектері ағылшын, араб, жапон, испан, италиян, қытай, неміс, орыс, түрік, француз тілдеріне тәржімаланады. Ақынның өмірі, мұрасы, қазақ мәдениетін дамытудағы рөлі туралы бірнеше деректі фильм және «Абай» телесериалы түсіріледі.

Ақын тойынан өнер саласы да тыс қалмайды. Республикалық және халықаралық деңгейде театр және музыка фестивалдері өтеді. Биылғы бәйгелер Абай шығармашылығына арналады. Әдебиет және өнер саласындағы үздік шығармаларға берілетін мемлекеттік сыйлық енді Абай атындағы мемлекеттік сыйлық деп аталатын болады.

Абайдың тұлғасы мен мұрасын ұлықтау шетелдерде де жалғасады. Ресейдегі, Франциядағы, Ұлыбританиядағы және басқа да мемлекеттердегі Қазақстанның елшіліктері жанынан «Абай орталықтарын» құру жоспарланып отыр. Бұл мәдени іс-шараларды ысырапшылдыққа жол бермей ұйымдастыру қажет.

Шығыс Қазақстан облысының Ақшоқы елді мекеніндегі Құнанбай Өскенбайұлы әулетінің қоры абаптандырылады.

Сонымен қатар, Абай тұлғасын жоғары дәрежеде дәріптеу үшін Үкімет мынадай шараларды қолға алуы керек деп есептеймін.

Семей өңірі — қазақ тарихындағы киелі өлкенің бірі. Сондықтан, елдің рухани дамуында ерекше орны бар Семей қаласын тарихи орталық ретінде белгілеген жөн. Ұлы Абай мен

Шәкәрімнің, Мұхтар Әуезовтің кіндік қаны тамған өңір айрықша құрметке лайық. Осыған орай, шаһарды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан кешенді түрде дамытып, ондағы тарихи-мәдени нысандарды жаңа талапқа сай жаңғыртамыз. Үкіметке бұл мәселеге байланысты тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын.

Мерейтой жылы аясында Абайдың қастерлі мекені — әйгілі Жидебайды абаттандырып, ұлы ақынның рухына тағзым етуге келетін жұртшылыққа қолайлы жағдай жасау қажет.

Сонымен қатар, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейіне ерекше көңіл бөліп, ғылыми-танымдық жұмыстармен айналысатын орталыққа айналдыру керек.

Жидебайда музейге арнайы лайықталған «Абай мұрасы» атты жаңа ғимарат салу қажет.

1918 жылы Семей қаласында Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов негізін қалаған, 1992 жылдан бері қайта шыға бастаған «Абай» журналына мемлекет тарапынан қолдау көрсету керек.

Осы және басқа да ауқымды шаралар Ұлы Абайдың рухына тағзым етіп, оның мол мұрасын дәріптеу үшін өткізілмек. Ендеше, бүкіл Қазақстан халқын осы игі бастамаға белсене атсалысуға шақырамын.

\* \* \*

Біз Абайдың 175 жылдық мерейтойына қоғамдық сананы жаңғыртатын, бір ел, тұтас ұлт болып дамуымызға серпін беретін іс-шара ретінде зор мән беріп отырмыз.

Бұл тойдың тұсындағы басты мақсатымыз — бүкіл халықтың ұлт ұстазы алдындағы өзіндік бір есеп беруі іспеттес болуға тиіс деп білемін. Абай сыны — ауыр сын, сындарлы сын.

Елбасы бастап, ел қостап, биік белестерді бағындырдық. Озық елулікке кіреміз деп мақсат қойдық, ол мақсатқа мерзімнен бұрын жеттік.

Озық отыздыққа қосылуды межеледік. Ол жекеге де жетеміз. Сол жекеге жетуге де бізге Абай мұрасы көмек бере алады. Ендігі мәселе — біз сол Абайдың көмегін түсіне алдық па, зерделей аламыз ба?

Ұлылықтың тойы ұлт алдындағы ұлы міндеттің үдесінен шығудың жолын іздеуге ұмтылдыруға тиіс. Әр азамат осы тойдың алдында еліміз, елдігіміз жөнінде терең ойланса дейміз. Абай бізге нені аманаттады? Абай бізден нені талап етті? Абай бізден нені күтіп еді? Абай елдің қай ісіне сүйініп еді? Сол сүйінген ісінен үйрене алдық па? Абай қазақтың қай ісіне күйініп еді? Сол күйінген ісінен жирене алдық па? Басқасын былай қойғанда, ақын айтқан бес асыл істі жүзеге асырып, бес дұшпанды бойдан қашырып жатырмыз ба деген ойдың төңірегінде толғасак та талай жайға қаныға аламыз.

Абай мұрасы — біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық.

Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде енселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз.

Абай арманы — халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді.

■ IS-SHARA

## «АСТАНА ОПЕРА» САХНАСЫНДА АБАЙ ӘНДЕРІ ОРЫНДАЛДЫ

Елордада қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл-кемеңгері Абай Құнанбайұлының 175 жылдығының салтанатты ашылуы рәсімі аясында Қазақстан өнерпаздарының концерті өтті.

Салтанатты шараға Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері, елорда жұртшылығы қатысты.

Ұлы Абайдың өлеңдері мен әндері КСРО және Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов, Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Роза Рымбаева, КСРО және Қазақстанның халық әртісі Әлібек Дінішев, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Майра Мұхамедқызы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тамара Асар, дәстүрлі әнші Ерлан Рысқали, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары мен еліміздің жас дарындарының қатысуымен «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театрының симфониялық оркестрінің сүйемелдеуінде орындалды. Мектеп оқушылары Абай өлеңдерін қазақ, орыс, ағылшын, түрік, қытай, француз, араб, неміс тілдерінде жатқа оқыды. Айта кетейік, 2019 жылдың мамырында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылы қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойын жоғары ұйымдастырушылық және мазмұндық деңгейде мерекелеуді қамтамасыз ету мақсатында қаулысы жарық көрген болатын. Қаулыға сәйкес, Абай мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, жалпыреспубликалық жоспар бекітілді.

qazaquni.kz

■ BILIM

## АБАЙТАНУ КУРСЫ ЕНГІЗІЛДІ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде Абайтану курсы енгізілді. Бүгінде оқу орнының студенттеріне абайтанудың бастаулары, ақынның өмірі мен шығармашылық жолы оқытылады.

Бұған дейін Қыздар университетінің Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің білімгерлеріне Зәки Ахметов, Тұрсынбек Кәкішов, Мекемтас Мырзахметұлы сынды ғалымдар абайтану курсы жүргізген болатын. Ал былтырғы оқу жылынан бастап ол барлық факультеттерде оқытыла бастады. Болашақ педагогтар курс барысында абайтану мәселелерінің даму бағыттарымен, оның ақындық мектебімен және хакімнің «Толық адам» философиясымен танысады.

Осы орайда Қыздар университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Руда Зайкенованың «Абайтану» атты оқулығы да жарық көрді. Кітапта ақынның шығыс, батыс және орыс әдебиеттерімен байланысы, ғұлама ойшылдың ғылым, білім, өнер, ел билеу, тарих, махаббат, діни таным тақырыбында және сыншылдық көзқараста жазылған философиялық қара сөздерінің, өлеңдерінің, поэмаларының, аудармаларының мән-мағынасы мен маңызы кеңінен түсіндірілген.

— Шынайы талант — ілуде біреудің ғана мандайына жазылатын тәңірдің сыйы. Осы тұрғыдан алып қарағанда, ХІХ ғасырдың екінші жартысында киіз туырлықты шаңырақ астынан қарап-ақ, әлемдік деңгейде шеберлік нақыш туғызып, өрелі ой айтқан қазақ халқының ұлы ақыны, хакім Абай даналығына жаңа заман биігінен қарап, көңілі аударудың маңызы зор. Абай — ғаламдық тұлға. Абайтанудың бастау ХХ ғасырдың бас кезіндегі Алаш арыстары мен сол тұста өмір сүрген оқымыстылардың таным-білігінен басталады. Құнанбайұлының даналығын жете меңгеру арқылы бүкіләлемдік гуманистік және ұлттық өлшемдердің адам тұлғасын қалыптастырудағы орнын бағамдап, өмірді және адамзат құпиясын танауға болады, — дейді оқулық авторы, профессор Руда Зайкенова.

Жандар АСАН

«АҚ ЖОЛ»:

# ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ЖАҢА ТАЛАПТАРЫ ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАМАЙДЫ

Ұлттық Банктің айырбастау пункттеріне қойылатын жаңа талаптары шағын кәсіпкерлердің мүддесін емес, үлкен бәсекелестік пен банктерді қорғауға бағытталған. Бұл туралы Мәжіліс депутаты Меруерт Қазбекова Қаржылық бақылау агенттігіне жолдаған депутаттық сауалында айтты.

Мәселен, аймақтардағы кездесулер кезінде «Ақ жол» партиясына шағын қалалардағы кездесулер кезінде «Ақ жол» партиясы орталықтарында валютаны айырбастау саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлер жүгінді. Олардың айтуынша, 2019 жылғы 4 сәуірде Ұлттық Банк қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру ережелеріне түзетулер қабылдады. Атап айтқанда, түзетулер айырбастау пункттерінің ең төменгі жарғылық капиталын арттырады: – Нұр-Сұлтан қаласы мен республикалық маңызы бар қалалардағы, бұрынғы ережелер бойынша – 30 млн. теңге болып қалады. Ал, облыстардың әкімшілік орталықтары мен облыстық маңызы бар қалалардағы әрбір айырбастау пункті үшін 100 млн. теңге

(бұрынғы ережелерде – 20 млн. теңге) болуы керек.

Басқа жерлерде орналасқан әр айырбастау пункті үшін 50 миллион теңге (бұрынғы ережелер бойынша – 10 миллион теңге) болуы керек.

Сонымен қатар, көрсетілген сома айырбастау пункттерінің кассасында болуы керек.

«Нәліктен жүз миллион теңге? Бұл үлкен сома қайдан пайда болды? Сонымен қатар, бұл сома бизнес иесінде емес, тікелей айырбастау пунктінде болуы керек пе?» Кәсіпкерлерді осындай сұрақтар мазалайды.

– Ұлттық Банк жарғылық капитал мөлшерінің ұлғаюы мен кассадар қаражаттың болуына бизнесіне қоғамдық қаржының аз болуына байланысты клиенттерден бас тартуға жол бермеу деп

түсіндіреді. «Мысалы, кенеттен алмастырғышқа біреу келіп, бірден 300 мың доллар алғысы келеді. Сондай жағдайда клиент өтінішінен бас тартпау үшін кассадар осындай сома болғаны дұрыс», – дейді.

«Ақ жол» партиясы мұндай талаптар және орта бизнес үшін қарумен жаракталмаған айырбастау пункттеріне шабуылдардың көбеюіне себеп болады деп санайды. Бір сөзбен айтқанда, мұндай талап бизнестің өзіне де, оның қызметкерлерінің өміріне де қауіп төндіреді.

Бұдан басқа, реттеуші ережелерге айырбастау пункттерінің жұмыс уақытын өзгерту және клиенттің жеке деректерін бекіту бөлігінде түзетулер қабылдады.

Ақша айырбастау пункттерінің жұмыс уақытын қысқарту нарық үшін қиындықтар туғызады. Өйткені, көптеген операциялар кешке жүзеге асырылады. Көптеген жұмыс істейтін азаматтар жұмыстан кейін валютаны ауыстыруға келеді. Сондай-ақ,



әдетте олар жалақыға байланысты 100-200 доллар көлемінде валюта сатып алады.

«Ұлттық Банктің клиенттің жеке деректерін есепке алу жөніндегі талабына келетін болсақ, бұл норма «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, жеке деректерді жинаудың, өңдеудің және қорғаудың ерекшеліктері тек заңдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен реттеле алады деген талапты бұзады деп санаймыз», – делінген хабарламада.

Депутаттар бұл талаптардың шағын кәсіпкерлерге бағытталғаны дұрыс емес деп есептейді. Себебі, шағын бизнес күзет агенттігін жалдап, әр кассирге күзетші қоюға қауқарлы емес.

«Сонымен бірге, бұл саладағы шағын бизнес тек жұмысың қамтамасыз етіп қана қоймайды. Сонымен қатар сол банктерге қарағанда клиенттер үшін неғұрлым қолайлы тарифтермен және икемді шарттармен қызмет көрсетеді. Олардың жасанды «қысымы» валюталық нарықтың (мысалы, кешкі және түнгі) қалыптасуына және Өзбекстандағы сияқты ресми және нарықтың қосарлы бағамының қалыптасуына әкеледі.

Көршілердің тәжірибесі неге біздің шенеуніктерге сабақ болмайды?» – делі Қазбекова.

Осыған орай, «Ақ жол» фракциясы Агенттіктен бұл мәселеге тек банктердің ғана емес, сонымен қатар осы саладағы шағын және орта бизнес өкілдерінің қатысуымен қайта оралуды сұрайды.

## АҚЖОЛДЫҚТАР ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ БОЛДЫ

«Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тарих, археология және этнология факультетінде «Ақ жол» демократиялық партиясының Алматы қалалық филиалының төрағасы Қуандық Бискультанов және «Ақ жол» ҚДП-ның мүшелерімен бейресми кездесу болып өтті. Кездесуге факультеттің деканы, профессор Ноғайбаева Мендігүл, профессор Т. Омарбеков, профессор Б.Карибаев, «Алаштану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры т.ғ.д. С.Смағұлова бастаған ұстаздар қауымы қатысты.



түсіндіру ісіндегі рөлін ерекше атап өтті. Тарихтың төркінінен айналып өтпей, тікелей жұмыс істеп жатқандарына, жастардың жігерін тектіліктің тамырында тулатқанына оң пікір білдірді.

Келелі кездесуге қатысқан тарихшы, профессор Омарбеков Талас өз сөзінде: «Ақ жол» партиясы сөзбен ғана емес, іспен де Алашты қолдайды. Мұның бірден-бір дәлелі жастарды отансүйгіштік пен тарихқа баулып, Алаштықтардың арманын асқақтатуға елеулі еңбек атқарып келеді», – деді. Т.Омарбеков жиын барысында. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих, археология және этнология базасында жұмыс істеп отырған «Алаштану» ғылыми-зерттеу орталығының жаңа директоры тарих ғылымдарының докторы Светлана Смағұловаға алда атқарылуы тиіс тың идеялардың көп екендігіне тоқтала келіп, ғылыми-зерттеу орталығына толағай табыстар тіледі. Ізгі ниетті қолдаушылар қатарында т.ғ.д., профессор Берекет Карибаев та партия мүшелері мен факультет

ғалымдары және студент жастарға сәттілік тіледі.

Өз кезегінде сөз алған «Ақ жол» демократиялық партиясының Алматы қалалық филиалының төрағасы Қуандық Мұхамбетғалиұлы «Ақ жол» партиясы фракциясының білім беру мекемелерімен жастармен жұмыс жүргізу бастамасын қолдайтындығын жеткізді.

Алматы қалалық филиалының төрағасы аталған норма өте өзекті болып табылатындығын айтты. Себебі, руханият көкжиегінде тарихпен танбалаған бабалар аманатын асқақтату басты құндылықтарымыз болып табылатындығын атап өтті. Сонымен қатар, Қуандық Мұхамбетғалиұлы тарихшы, профессорлар мен студенттердің өзекті мәселелер бойынша қойылған сұрақтарына қанағаттанарлық жауаптар қайтарды.

Кездесу қортындысында «Ақ жол» демократиялық партиясының Алматы қалалық филиалының төрағасы Бискультанов Қуандық «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» атты құнды кітапты студенттерге сыйға тарту етті.

## КЕЛІСІМДЕРІ ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛҒАН КӘСІПКЕРЛЕР «АҚ ЖОЛҒА» ЖҮГІНДІ

«Ақ жол» партиясына отыз кәсіпкер соттың келісімдерді жарамсыз деп тану мәселесі бойынша жүгінді. Осыған орай, «Ақ жол» партиясының кеңсесінде кәсіпкерлердің фракция депутаттарымен кездесуі өтті.

Өтініш берушілердің айтуынша, 2017 жылдан бастап Қарағанды облысының мемлекеттік кірістер органдары үшінші және тіпті бесінші контр-серіктестермен жасалған келісімдерді жарамсыз деп танып, жаппай айыппұлдарды өндіріп алуда.

Сонымен қатар, салық органдары «Алаяқтық келісімдерді» салық төлеуден жалтарудың негізінде емес, тараптардың бірінің балансында активтердің немесе штат саны болмауына байланысты, яғни өз қалауы бойынша анықтаған. Мұндай фактілер дереу сотқа келісімдерді жарамсыз деп тану үшін жіберіледі. Шынымен де, қазіргі уақытта, көптеген кәсіпкерлерде қаражат та, қызметкерлер саны да шектеулі.

Кәсіпкерлердің айтуынша, соттар келісімдерді іс жүзінде тексермей, ұсынылған дәлелдерге заңды баға бермей-ақ, салық органдарының 90% талаптарын қанағаттандырады. Сонымен қатар, заң талаптарына қарамастан, соттар айыппұлдардан 3 жыл бұрын жасалған келісімдер бойынша талап қою мерзімін қолданудан бас тартады.

Облыс кәсіпкерлері қауымдастығының мәліметтері бойынша, осындай сот істерінің саны 2017 жылы – 116, 2018 жылы – 481, 2019 жылы – 685-ке жеткен. Олардың басым көпшілігін сот органдары салық органдарының пайдасына шешеді. Бұл өз кезегінде шағын және орта бизнестің құлдырауына әкеп соғуда. Сонымен бірге, Жоғарғы Сот пен Бас прокуратураға шағымдану да еш нәтиже бермеген.

Кәсіпкерлер аталмыш мәселе күн санап ұлғайып келе жатқандықтан, өздерінің құқықтарын қорғауды сұрады. Кездесуде Т.Әшімов (Аспап), М. Нұрғожин («Мир стекла»

ЖШС), Б.Садуова (Құрылысшылар қауымдастығы), Э.Хен («Строй Бизнес Консалтинг» ЖШС) сынды ондаған кәсіпкер мен олардың адвокаттары өздерінің нақты жағдайлары туралы айтты.

